


АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ  
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ



# ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ: ІЗДЕНИС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

• ақпараттық-әдістемелік журнал •

№4 (30)



2022 жыл, 28 желтоқсан



# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор м.а.: М. Жанасова**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікгі есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет**

**№4 (30) саны**  
**28 желтоқсан, 2022 жыл**

**Таралымы: 100 дана**

**Тапсырыс: № 1751**

**Баспахана атауы:**  
**«Көкше-Полиграфия» АҚ**

**Мекенжайы:**  
Қазақстан Республикасы,  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы,  
Е. Әуелбеков көшесі, 98.  
Тел.: 8 (7162) 256-212.

E-mail: [sks46@mail.ru](mailto:sks46@mail.ru)

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы,  
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»  
Тел.: 8 (7132) 41-69-34  
E-mail: [ortaluktil@mail.ru](mailto:ortaluktil@mail.ru)

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.



## МАЗМҰНЫ

<b>К.Х. СЕРГАЗИНА</b>
<b>Т. БӨРІБАЕВ</b>
<b>А.К. МЫРЗАШОВА</b>
<b>Ж.Е. АКИЛБЕКОВА</b>
<b>А.Х. УРЫНБАСАРОВА</b>
<b>М.Н. ШУЛЬДЕНОВА</b>
<b>С.Б. БЕГАЛИЕВА</b>
<b>С.Б. УЗАКБАЕВА</b>
<b>А.Б. ТАДЖИБАЕВА</b>
<b>А.Ғ. ӘБДІБЕКОВА</b>
<b>Ғ.С. КИРБАСОВА</b>
<b>Н.Х. ЖАРИКОВА</b>
<b>А.Ғ. ОТАРАЛИНА</b>
<b>В.О. УАЛИЕВА, А.С. МҰХТАРОВА</b>
<b>А.А. БАХИТЖАН</b>
<b>А.А. ЖАЛМҰҚАНОВА</b>
<b>А.Б. ТАДЖИБАЕВА</b>
<b>А.Ә. ТУЛЕПБЕРГЕНОВА</b>
<b>А.М. АРЫКОВА</b>
<b>А.М. ИБРАЙМОВА</b>
<b>А.С. БЕГМАНОВА</b>
<b>Ғ.А. НАУРЫЗАЛИНА</b>

### РЕДАКТОР БАҒАНЫ

*Біздің мақсат – тілдерді оқыту.....5*

### ТІЛТАНЫМ

*Ахмет Байтұрсынұлы және тәуелсіздік философиясы.....7*

*Человек во фразеологии: особенности моделирования интеллектуальной концептосферы в казахском, русском и английском языках.....9*

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

*Ұлт ұстазы – Ахмет.....13*

*А.Байтұрсынұлының шығармаларын мектепке дейінгі білім беру саласында пайдалану жолдары.....14*

*Ұлымның ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы.....16*

*Тіл білімінің заңғары.....18*

*Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы.....19*

### ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Көркем әдебиетке қызығушылықты қалыптастыру жолдары.....20*

*Шетел тілінде оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру.....21*

*Абай Құнанбаевтың қара сөздерінде көтерілген мәселелердің бүгінгі күнмен үндестігі.....23*

*Жазуға байланысты жүргізілетін жұмыстар.....24*

*Баланың жазу дағдысын қалыптастыру.....26*

*Студенттердің ақпараттық біліктілік дағдыларын дамыту жолдары.....27*

### ҮЗДІК САБАҚ

*Тіл – ұлттың жаны.....29*

*Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа».....30*

*Тәрбиенің көзі – ұлттық құндылықтар.....32*

*Отбасы (тәуелдік жалғау).....33*

*Мұхтар Әуезов – көркем ойдың алыбы.....35*


*Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы.....35*

*Қазақ тілі мен әдебиеті екінші қабатта.....36*

*Мектепте ата-аналармен жұмыс жүргізудің маңызы.....38*



<b>Г. ӘДЕТХАН</b>	<i>Асқар алтай «Прописка» әңгімесі.....</i>	<i>39</i>
<b>Г. ИЗТЛЕУОВА</b>	<i>Табиғатқа саяхат. «Ә» дыбысы мен әрпі.....</i>	<i>41</i>
<b>Г.К. ЕРМЕКОВА</b>	<i>Ақтамберді сарыұлы «Балаларыма өсиет».....</i>	<i>43</i>
<b>Д.Б. ЕСЕНОВА</b>	<i>Адам құқығы мен бостандығы – мемлекеттің негізгі тірегі.....</i>	<i>45</i>
<b>Д.М. ИМЖАРОВА</b>	<i>Светлая легенда века. М.Светлов. «Гренада».....</i>	<i>47</i>
<b>Ж.М. ИМАНГАЛИЕВА</b>	<i>Үй құстары.....</i>	<i>51</i>
<b>И.М. ТУРУМБЕТОВА</b>	<i>Healthy eating.....</i>	<i>53</i>
<b>Б.Т. ҚОЖЫҚОВ</b>	<i>Ұжымдастар.....</i>	<i>55</i>
<b>Л.А. АЛИБЕКОВА</b>	<i>Ваш счастливый ребёнок.....</i>	<i>56</i>
<b>М.Т. МАРАТОВА</b>	<i>Мен және менің отбасым.....</i>	<i>59</i>
<b>О.С. ЖАКСЫМБЕТ</b>	<i>Труд в жизни человека (2 урок).....</i>	<i>63</i>
<b>С.Г. МУСИРОВ</b>	<i>Т. Сұлтанбеков «Ғажайып планета».....</i>	<i>65</i>
<b>ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ</b>		
<b>А.А. АЛМАНИЗОВА</b>	<i>Скандинавская ходьба.....</i>	<i>70</i>
<b>А.И. АПСАЛИКОВА</b>	<i>Здравствуй, зимушка-зима!.....</i>	<i>71</i>
<b>А.М. АБИЛКАЙЕРОВА</b>	<i>Профессиональные навыки учителя в современной школе.....</i>	<i>74</i>
<b>А.Н. БЕРИККАЛИЕВА</b>	<i>Музыка әлеміне саяхат.....</i>	<i>76</i>
<b>А.Р. СУЛЕЙМЕНОВА</b>	<i>Весенний праздник – лучший самый!.....</i>	<i>78</i>
<b>Б.А. ЖУМАШЕВА</b>	<i>Мини-лаборатория в детском саду «Бопай» г.Актобе.....</i>	<i>80</i>
<b>Г.А. ДУЗЕЛБАЕВА</b>	<i>Көкөністер мен жемістер.....</i>	<i>82</i>
<b>Г.Т. ТАЖИКЕНОВА</b>	<i>Ертегілер еліне саяхат.....</i>	<i>83</i>
<b>Ә.А. СӘРСЕНБАЕВА</b>	<i>Бағдаршам.....</i>	<i>86</i>
<b>Ж.А. САРСЕНБАЕВА</b>	<i>Қарттарым-асыл қазынам.....</i>	<i>87</i>
<b>Ж.Ж. ДЕМЕУГАЛИЕВА</b>	<i>Білгіштер мен тапқырлар.....</i>	<i>88</i>
<b>Ж.У. УРЫНБАСАР</b>	<i>Адамгершілік – адамның рухани арқауы.....</i>	<i>91</i>
<b>Н.И. ЖОЛАЙ</b>	<i>Құмырадағы жұпаргүл.....</i>	<i>92</i>
<b>Р.Б. ТӨЛЕМІСОВА</b>	<i>Ойын арқылы балалардың тілін дамыту.....</i>	<i>94</i>
<b>С.Е. ИМАШЕВА</b>	<i>Ерте жастан балалардың шығармашылығын қолдауда ертегі терапиясының мүмкіндіктері.....</i>	<i>96</i>
<b>С.С. КАБЫЛОВА</b>	<i>Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи денсаулық сақтау технологиялары.....</i>	<i>98</i>
	<i>Хабарландырулар тақтасы.....</i>	<i>100</i>



## РЕДАКТОР БАҒАНЫ



### БІЗДІҢ МАҚСАТ - ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ



*К.Х. Сергазина,  
Ақтөбе облысының  
тілдерді дамыту  
басқармасының  
Тілдерді оқыту  
орталығы  
директоры*

Облысымыздың ересек тұрғындарына тілдерді оқытуды жүзеге асыратын «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ «Тілдерді оқыту орталығы» КММ қосымша білім беру нарығында 2007 жылдан бері қызмет етіп келеді.

Орталықтың негізгі міндеті – мемлекеттік және басқа да тілдерді үйрету, оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оқу құралдарын шығару.

Орталық облыстың өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған 3 ауданында да (Хромтау, Мәртөк, Қарғалы) тілдік тегін курстарды ұйымдастырады.

Тілдерді оқыту орталығы күні бүгінге дейін 2007 – 2022 жылдар аралығында 22 394 адамды тілдерді оқыту курстарымен қамтыды, оның ішінде:

- мемлекеттік тіл – 18 771 (84%),
- ағылшын тілі – 2 457 (11%),
- орыс тілі – 149 (1%),

Ал өзге ұлт өкілдерінің үлесі 24% құрайды, яғни 5 368 адам;


Сабақтар онлайн және оффлайн режимдерінде жүргізіледі, қазір оқу үдерісіне Ресейдегі қандастарымыз да қосылды.

Орталықтың ақпараттық кеңістікті игерудегі ашықтығы – кез келген мемлекеттік тілді үйренуге ниетті азаматқа қолжетімді болуы. Дәлере айтсақ, «ТІЛ – АҚТӨБЕ. KZ» ақпараттық сайтында «Дистанционное обучение» бөліміне енгізілген тіл сабақтары

қашықтан оқу әдісі арқылы тілдерді өз бетінше үйренуге ниетті тұлға үшін өте қолайлы. Бүгін осы сайтта 153 077 адам тіркелген.

Оқу-әдістемелік өнімдер – педагогикалық ұжымының басты назарында. Орталық оқытушыларының құрастыруымен тілдерді оқытуға, әдістемелік мәселелерге арналған 81 өнім жарық көрді:

- оқу құралы – 23,
- әдістемелік құрал – 33,
- балаларға арналған – 18,
- электронды оқу құралы – 7.



Соның ішінде тілдерді оқытудағы жаңашылдықты, озық іс-тәжірибені (тіл ғалымдарының ізденіс жұмыстары, педагогика мамандарының әдістемелік мақалалары мен қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен сабақ әзірлемесі), креативті педагогикалық ойларды (тілдерді оқыту бойынша мақалаларды) көпшілікке насихаттау жолында 2014 жылдан бастап «Тілдерді оқыту: із-



деніс және әдістеме» ақпараттық – әдістемелік журналын шығарып келеді.

Тоқсан сайын шығарылатын журналдың мақсаты: қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру және мемлекеттік тіл оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал ету. Ақтөбе облысында мемлекеттік тіл саясатын дамыту бағытында атқарылып жатқан іс – шаралардан ақпарат беру.

Журнал беттерінде облыстағы мемлекеттік тіл саясаты, тілдік ахуал, латын графикалы қазақ әліпбиі мәселелері, сондай – ақ тілдерді оқытудың озық іс – тәжірибелері үздіксіз жарияланып келеді. Күні бүгінге дейін **1 496 материал** жарияланды. Жариялымдар авторларының басым көпшілігі облыс педагогтары (1 366 адам), десек те республиканың түкпір – түкпірінен (Нұр – Сұлтан, Ақмола, Атырау, Семей, Қарағанды, Алматы және т.б.) 60–қа жуық, көршілес Ресей, Қытай елдерінен 40–қа тарта авторлар өздерінің ғылыми мақала, танымдық эссе, үздік әдістемелік ізденістерін жарыққа шығарды. Журнал облыс педагогтарының сүйікті басылымына айналды десек, артық айтқандық болмас.

Тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын дамыту мен тілді (үйретудің әдістемелік мәселелеріне қатысты **1 192 астам іс – шараны** (дөңгелек үстелдер, көшпелі әдістемелік семинарлар, байқаулар, шеберлік – кластар) т.б. жоғары деңгейде өткізіп келеді. Ағымдағы жылда мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыруға бағытталған А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Ахаң түрлеген туған тілім» онлайн кездесуі, «Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары» онлайн сұхбаты, «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады» эссе байқауы, «Тарихқа таңба қалдырған қазақ әйелдері» ашық сабақтар циклі, Ғ.Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай «Таң келеді» тақырыбында шығарма жазу циклі, Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай «Ел үшін еңбек еткен ер» тақырыбында ашық сабақтар, Мәншүк Мәметованың 100 жылдығына орай, «Кім мерген?» тақырыбында тіл үйренуші қыздар арасында садақпен ату байқауы, 1 Наурыз-Алғыс айту күніне орай курс тыңдаушыларымен «Алғыс айту парызым» тақырыбында челленджі, «Әже –ақыл бесігі» атты

құттықтау бейнеролигі, «Еліме нұр, жеріме гүл сыйлаған эз-Наурызым!» атты облыстық бейнеқұттықтау сайысы, «Қазақтың салт-дәстүрі-ай тамсандырған» аудандық байқауы және т.б. әзірленіп, Орталықтың ресми сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары мен ютуб каналына жарияланды. Сонымен қатар, «Көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениеті және медиабелсенділік» атты тілдік біліктілікті арттыру онлайн шарасы, «Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы», «Еліме елеулі ұлы есімдер» онлайн ашық диктант және Абай оқулары» т.б. шаралары өтті.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстарын жүргізу бағытында 2022 жылы «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерін» әлеуметке егжей – тегжейлі түсіндіру мақсатында 5 120 адамды қамтыған 54 іс – шара өтті. Оның ішінде:

- «Латын графикалы қазақ әліпбиі: оқу, жазу» жобасы аясында ақпараттық сағаттар (Ақтөбе қаласы және Алға, Мұғалжар, Мәртөк, Қобда, Қарғалы, Ырғыз, Әйтеке би аудандары);

- «Латын графикалы қазақ әліпбиі: жаңа жазу мәселелері» республикалық онлайн семинары;

- «Латын графикасына көшу – уақыт талабы» атты онлайн дөңгелек үстел (Алға аудандық тілдірді оқыту курсы);

- «Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында латын графикалы әліпби негізінде онлайн ашық диктанттар циклы (Ақтөбе қаласы және 5 аудан);

- «Еліме елеулі ұлы есімдер» тақырыбында латын графикалы әліпби негізінде ашық диктанттар циклы (Ақтөбе қаласы және 5 аудан).

Облыс тұрғындарына, әр түрлі сала қызметкерлеріне жетілдірілген латын графикалы қазақ әліпбиін, емле ережелерінің құрылымын түсіндіру, оқу, жазу машықтарын жетілдіру бағытында *диктанттар циклы ұйымдастырылды*. Әлеуметтік желіде қазақ тілді контент үлесін арттыру мақсатында «Latyn-time» жобасы жүзеге асырылды.

Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін әрқашан биікте ұстап, басқа да тілдердің дамуына қолдау көрсету қажет. Осы мақсатты жүзеге асыруда өз қызметін абыройлы атқарып келетін Тілдерді оқыту орталығы алдағы атқарар оқу – әдістемелік және ғылыми жұмыстары, бағындырар белестері биік екендігіне орталық ұжымы кәміл сенімді.



## ТІЛТАНЫМ



### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

*Т. Бөрібаев,  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор*

... **Қ**азақ қоғамының жеткен жетістіктері мен алған белестерін, шыққан биіктері мен кеткен кемшіліктерін, олқылықтары мен орашалақтықтарын саралайтын, бүгінгі қоғамдық даму биіктігінен тәуелсіздікке шынайы баға беретін уақыт жақындаған сайын зиялы қауым ерекше толқу үстінде. Осы өткен жылдарда халықтың санасына нық орнаған, өміріміздің қозғаушы күші мен жаңашылдығымыз бен жасампаздығымыздың тұғыры болған тәуелсіздік идеясы бүгінде шынайы өмір салтына айналғаны әлемге белгілі. Қазақ дербес, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде өмір сүре алатынын шынайы дәлелдеп берді. Алаш көсемдерінің ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясы жүзеге асты. Бүгінгі ғылыми конференция, сол тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістігімізді саралауға, жоғымызды түгендеуге, рухани болмысымызды бүтіндеу жолындағы ізденістеріміздерге тың серпін әкеледі деп сенеміз.

Қазіргі тарихи кезеңде бүгінгі саяси өміріміздің негізін, іргетасын құрайтын «Тәуелсіздік» ұғымының қазақ тілінде бірнеше баламалары бар екені белгілі. Олар: дербестік, егемендік, еркіндік, бостандық, азаттық және т.б. Бұл тәуелсіздік феноменінің кең мағыналы екендігін, адамның жеке және әлеуметтік өмірінің әр алуан қырларын қамтитындығын айғақтайды.

Жалпы қоғамымыз үшін өте маңызды «Тәуелсіздік» термині адамның билікпен арақатынасына орай саяси мағынада ғана емес, адамның ішкі болмысы мен экзистенциалдық сұраныстарына қарай философиялық мағынада, санадағы тыйымдар мен әртүрлі қорқыныштарға байланысты психологиялық мағынада және отаршылдық езгіге байланысты ұлт-азаттық қолданыс табады. Бұл

айтып отырған тәуелсіздік ұғымының иірімдерін Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен танысқанда аңғармау мүмкін емес. Демек, Алаш қайраткерлері үшін тәуелсіздік идеясы адам және ұлт болмысының тұтастығының көрінісі. А. Байтұрсынұлы «Қалам қайраткерлері жайынан» атты мақаласында былай деп жазды: «Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолында жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан тауып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес». Міне, тәуелсіздік талаптары. Алаш қайраткерлері тәуелсіздікті саяси, экономикалық феномен ретінде түсініп қана қоймай, оның рухани, мәдени астарына да үңіле білген. Оның қазақ үшін гуманистік, тәрбиелік, жасампаздық, білімдік бағыттарының болатынын да ескерткен. Рух бостандығын басқа бостандықтардың негізі деп қарастырған. Ол үшін білім, тәрбие, ағарту, мәдениет мәселелерін күн тәртібіне қойған. Мәселен, «Тіл құқығы, дін құқығы, ұлттық мектепте, ұлттың өзін өзі билеуі мен тәуелсіз дамуы, бір сөзбен айтқанда, ұлттың жанын ауыртып отырған мәселелерді Ресей Думасында қарастыру қажеттігін дәлелдеген Алаш зиялылары, шынайы тәуелсіздіктің негізі ұлттық рухына байланысты екендігін қатты сезінді.

Рух адамды қашанда еркіндікке итермелейтіні белгілі. Рухы күшті адам қашанда тәуелсіз. Рухтан қуат алған жан ғана үнемі дамып, өзгеріп отырады. Олай болса, жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, тәуелсіздігін сақтай алады.

Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Өкінішке орай, бұл Қазақстан мемлекеті үшін ең қиын мәселе күйінде қалуда. Басты себеп, қазақ



рухының кеше орыстануы болса, бүгінде батыстануы, экономика мен саясатта кландық-компрадорлық топтардың ұлт мүддесін аяқ асты етуі, зиялы қауымның ұлт мүддесін қорғай алмауы, олардың шығармашылық пассионарлық қасиеттерінің сарқылуы, қоғамның әлеуметтік топтарға жіктелуі, билік пен халық арасының алшақтауы себеп болып отыр. Осындай жағдайда қазақ рухы бүгінгі қоғам дамуына, оның бағытын айқындауға шама-шарқы жете ме, тәуелсіздігін қорғауға дәрменді ме деген сұрақ туындайды.

Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Онын алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда жатыр десек артық айтпаған болармыз. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар рухы биік халыққа айналамыз.

Қазақ рухы экономика саласында да көрінуі тиіс. Әзірше өзімізді ішкі саясатта қаншалықты Барыс, Арыстанбыз деп бейнелесек те, Қытайдың Айдахары мен, орыстың Аюынан аса алмаймыз. Себебі Қытай жаппай тұтынатын товарлар шығарудан әзірге ешкімді алдына салар емес, орыстың қаруын, батыстың технологиясын, жапонның компьютері мен машина жасауынан әзірге бізде озар қауқар жоқ. Сондықтан басқадан озатын, басқаға үлгі болатын біздегі қару, ол – шығармашылыққа, білімге, адамгершілікке негізделген қазақтың жаңа рухын қалыптастыру. Ол үшін Қазақстанның экономикасы жекелеген компрадорлық топтарға, олигархтар мен шетелдің экономикасына емес, Қазақстан халқына, оның білімі мен рухын жаңғыртуға жұмыс істеуі тиіс. Сонда қазақ рухы тәуелсіздіктің негізіне айналады. Кешегі құлдық сана, біреудің аузына телміре қарап, айтқанымен жүретін психология келмеске кетеді.

Қазақ рухын көтеруге байланысты айтылар тағы бір әлеуметтік мәселе - адал, маңдай термен келетін таза еңбек этикасын қалыптастыру. Бүгінде таза, адал еңбекпен күн көретін адам саны азайған, оған деген қоғам тарапынан құрмет те жоғалған. Өздерін «жер кіндігіміз» дейтін эголар, «мұрның бар да бір сіңбір» дейтін жемқорлар, ақша үшін елінің рухын, тілін, дінін, жерін сатып жүрген «қорқау қасқырлар» қазақ рухын таптауда.

Ең бастысы, қазақ санасында «адал еңбекпен күн көру мүмкін емес» деген сенім қалыптасуда. Кешегі заманда әділеттілікті теңдік деп түсінген қазақ, бүгінде қоғамдағы әділетсіздіктің етек алуына мазандаулы. Егер бұл үрдіс шектен шыға берсе, әділеттілікті – бөлісу деп түсінудің де етек алуы әбден мүмкін. Оған итермелейтін қоғамда әлеуметтік күштердің бар екені белгілі.

Бүгінде қазақ рухының бірегейлігі мен тұтастығына нұқсан келтіретін сыртқы факторларды да ескерген жөн. Ол, көршілес жатқан Қытай, Ресей, мұхит аржағындағы АҚШ елдерінің саясаты. Осы жағдайда қазақ үшін жаңа рух пен жаңа парадигмалық ұстаным қажет. Мұндай сыртқы ықпалды қазақ халқы бүгін ғана бастан кешіріп отырған жоқ. Өткен тарихқа жүгінер болсақ, қазақ рухы өзінің қалыптасу мен даму барысында Батыс пен Шығыстың, яғни қытай, үнді, иран, араб, түрік, монғол, славян өркениетінің ықпалында болғаны белгілі. Ең ғажабы сыртқы ықпалдар неғұрлым күшті болған сайын, қазақ рухының ішкі бірлігі нығайып, сыртқы ықпалдардың жетегінде кетпей, ассимиляцияға түспей, қашанда өзінің ішкі тұтастығы мен бірегейлігін сақтай отырып, бөгде мәдениеттерді өз қазанында қайнатып отырған. Кешегі саяси аласапыран заманнан аман-есен шығуымыздың, ұлттық тұтастығымыз бен бірегейлігімізді сақтап қалуымыздың бір себебі де осында. Кеңестік жүйенің шаңырағын шайқалтқан Алматыдағы 16-желтоқсан оқиғасыда осы қайсар қазақ рухының көрінісі.

Қай ғасырда болмасын дәуір тынысы аз ғана шығармашылық топты - зиялы қауымды-өмірлік сұрақтарға жауап беруге тарих сахнасына алып шығады. Олар Алашым деп еңіреген нағыз ерлер еді. Осылардың ішінде шоқтығы биік ұлттың рухани көсеміне айналған А.Байтұрсынұлының орны ерекше. Ол өз өмірін ұлттың асыл құндылықтарын, адамгершілік қағидаларын қызғыштай қорғай отырып, оларды елдің игілігіне жарату үшін күресудің озық үлгісін көрсетті. Міне, адам бойындағы азаматтық тұлғалық қасиеттің шынайы көрінісі осындай болар. Ахан, өз тағдырын қазақ тағдырынан бөліп қарамағандығын, қазақтың тәуелсіздігін жақындатуда жан берген қазақтың біртуар ұлы тұлғасы екені сөзсіз.

*(Біқшамдалып жарияланды)*





## ЧЕЛОВЕК ВО ФРАЗЕОЛОГИИ: ОСОБЕННОСТИ МОДЕЛИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ КОНЦЕПТОСФЕРЫ В КАЗАХСКОМ, РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

**А.К. Мырзаишова,**  
кандидат филол. наук (PhD),  
эксперт-тренер Академии  
государственного управления  
при Президенте РК, Алматы

Разнообразие концепций и направлений, появившихся в лингвистике конца XX – начала XXI века, привело к комплексному и многоаспектному изучению фразеологической семантики. Фразеологические исследования стали приобретать особую актуальность в связи с появлением таких современных лингвистических наук, как когнитивная лингвистика, этнопсихолингвистика, лингвокультурология. Так, предметом фразеологических исследований стали концепты, образы, понятия *модели и моделирования*.

Развитие целого ряда теоретических и экспериментальных работ, осуществляемых с позиций лингвистических, когнитивных и психолингвистических подходов к изучению фразеологической семантики, связано как с неоднородным трактованием собственно объекта фразеологии, так и со сложностью понятия *фразеологическая семантика*.

Неоспоримое утверждение о том, что фразеология это не только зеркало национальной культуры, но и зеркало, отражающее особенности системной организации языка, его строения, идиоэтнических черт, приобретает особую значимость в разрезе контрастивных исследований. В этой связи следует подчеркнуть актуальность изучаемого материала, осуществляемого с точки зрения контрастивно-семантического подхода к описанию фразеологического моделирования мыслительной деятельности в генетически различных языках – казахском, русском и английском.

По мнению современных исследователей, наличие сходства во фразеологических системах не только в родственных, но и разноструктурных языках приводит к выводу о том, что во фразеологии должны быть определенные элементы семантического моделирования, основывающиеся на определенных общих логических и ассоциативных процессах че-

ловеческого мышления, которые при равных материальных условиях способствуют возникновению идентичных или близких устойчивых словесных комплексов языка [1, с. 7].

Следует уточнить, что мыслительную деятельность мы относим к духовной сфере человека. Концепты, образующие данную концептосферу, являются компонентами ценностной языковой картины мира, т.е. имеют ценностный статус [2, с. 116; 3, с. 289].

Выявление и описание семантических признаков фразеологизмов мыслительной деятельности сравниваемых языков привело к следующим предварительным выводам. Так, в настоящем исследовании нами были изучены три основных (ядерных) семантических микрополя: 1) «*субъект мыслительной деятельности*» (обладатель интеллекта, мыслительных способностей); 2) «*процессы мыслительной деятельности*» (мыслительные способности); 3) «*характеристика мыслительных способностей*» (качества, свойства мыслительных способностей, интеллекта). Фразеологизмы данных микрополей связаны между собой следующими условными отношениями: субъект деятельности – процесс деятельности – свойства, качество деятельности. В данном случае мы не ставили перед собой цели охватить все семантические группы фразеологизмов, покрывающих поле *мыслительная деятельность*.

По данным исследовательского анализа, микрополе «субъект мыслительной деятельности» преимущественно включает в себя фразеологизмы, характеризующие образованного, сообразительного человека: *ходячий университет / құйма құлақ / clever Dick*, а также и фразеологизмы субстантивного значения, отражающих абстрактные реалии мышления типа *мысль, ум, рассудок*: *ученый багаж / амплатондай білімі / be the cat's whiskers/ py'jamas*. Вместе с тем в английском языке было отмечено несколько фразеологизмов, подразумевающих собственно *мозги, извилины*, т.е. орган, относящийся к внутренней части человека, производящего мыслительный процесс, например, *grey cells (matter), the inner man*. В казахском и русском языках подобные фразеологизмы не обнаружены, хотя встречается соматический ком-



понент *мозг*, употребляющийся при оценке умственных способностей с отрицательной коннотацией, например: *көк ми, есек миын жеген; куриные мозги* ‘о глупом, недалеко, бестолковом человеке’.

Как показал фактический материал, около 80% фразеологизмов казахского, 85,7% - русского и 84,6% - английского языков вошли в ядерную часть микрополя; а на долю периферии приходится лишь малая часть от их общего количества.

В результате исследования материала были получены следующие выводы: выявлена доминирующая роль имени существительного во фразеологизмах трех языков соответствующих микрополей в качестве семантически главенствующего компонента; в казахском и русском языках в большинстве случаев преобладают фразеологизмы, соответствующие грамматическому строению «имя прилагательное + имя существительное» и «причастие + имя существительное» (*мар қасқа, кәрі құлақ*), а также использование в русском языке наряду с ними модели «имя существительное + имя существительное» (*бездна премудростей, ума палата*). В сравнении с английским языком многокомпонентные фразеологизмы в данном микрополе обоих языков встречаются реже. В английском языке фразеологизмы данного микрополя состоят из двух и более существительных, но не исключено наличие имен прилагательных: *a clear head*; причастий: *a walking dictionary (encyclopedia)* и т.д.

Интересно заметить, что в казахском языке в роли основных абстракций мышления выступают соматизмы *ухо* и *лоб*. По таким фразеологизмам, как *құйма құлақ*, *мар қасқа, маңдайы кере қарыс* можно проследить следующие ассоциации, сложившиеся у носителей казахского языка: *ухо* считалось органом, воспринимающим и хранящим информацию; *лоб*, а именно широкий, – признаком ума.

У казахов, как и у англичан, всегда в большом почете находился возраст. Считается, что чем старше человек, тем более обширны его познания, богат жизненный опыт. Особо почитались у казахов аксакалы – мудрые старцы, к голосу которых прислушивался весь народ. Об этом могут свидетельствовать фразеологизмы *кәрі құлақ, кәрі тарлан* и множество других аналогичных им фразеологизмов. В английской речи бытует фразеологизм *have old head on young shoulders*, который дословно можно перевести как: *иметь*

*старую голову на молодых плечах*.

В русском языке в роли основных компонентов выступают соматизм *голова* и абстрактное наименование *ум*. Так, фразеологизмы *светлая голова, золотая голова* напрямую связаны с традиционной ассоциацией *ума, учености* со светом и золотом, которая представлена соответствующими русскими народными поговорками *ученье – свет, а не ученье – тьма*. В английской фразеологии *умная голова* – это, прежде всего, «чистая голова» («*clear head*»), сам *ум* – *промышленный*, часто сравниваемый со стальным капканом, ловушкой, острой иглой.

В русском языке *запас знаний, эрудиция* человека отражаются такими фразеологизмами как *бездна премудростей, багаж знаний*; в казахском языке – *амплатондай білімі, өресі жоғары*; в английском языке наблюдается преобладание абстрактных наименований: *Turn of mind, a stroke of genius*.


Специфичность фразеологизмов данного микрополя русского языка проявляется в частом переносе зооморфных признаков: *травленный волк, стреляный воробей, книжный червь*. В английском языке обнаруживается единичный случай *be the cat's whiskers/ru'jamas*; в казахском языке подобных фразеологизмов отмечено не было (встречается только во фразеологизмах, характеризующих глупого человека, отсутствие ума).

В русском языке данный семантический фрагмент соотносится также с различными кодами культуры: *тертый калач, синий чулок, с царем в голове*. Многие фразеологизмы данного микрополя русского языка имеют аналоги в английском языке: *nobody's fool* – *не промах*.

Фразеология данного микрополя английского языка изобилует обозначениями субъектов, чем абстракций, сравните: фразеологизмы, характеризующие умного человека, эрудита, составили 70,6% фразеологизмов всего микрополя.

Следующая семантическая группа фразеологизмов «*процессы мыслительной деятельности*» представляет собой самую обширную группу во всех трех сопоставляемых языках. В процентном соотношении в казахском языке составило 56,8% фразеологизмов от их общего количества; в английском языке – 51,7% ; в русском языке – 48,5%.

Данное микрополе представляет собой ряд глагольных обозначений выполняемых человеком интеллектуальных действий, а также воздействия на интеллект человека.



При рассмотрении данного микрополя были выявлены фразеологизмы с семантическими признаками: *процесс приобретения знаний, навыков, опыта; процесс мышления или ментальные процессы.*

Ядро данного микрополя в сопоставляемых языках образуют фразеологизмы, отображающие активную умственную деятельность: *котелок варит, думу думать, ломать голову*; в казахском – *ғылым бақты, ақыл таразысына салды, ой елегінен өткізді*; в английском – *awake of sth, in a brown study, cast about/ around for sth*. На периферию микрополя казахского и русского языка отходят фразеологизмы с семей *давать мудрые советы, наставлять на правильный путь, поучать*, т.е. имеющие значение воздействия на интеллект человека идеальной субстанции извне, например: *ақыл үйретті, ақыл қосты (айтты, салды, берді); наставлять на ум (разум), учить уму-разуму*. К периферии микрополя английского языка мы отнесли фразеологизмы со значением *учиться делать что-либо хорошо, с умом*, например: *get sth down to a fine art, get the hang of sth*; фразеологизм *think out the box*, имеющий значение «думать о том, как сделать что-то по-другому»; фразеологизмы *tumble to sth, take cognizance of sth* ‘понимать что-то/кого-то’.

При анализе грамматических структур было выявлено, что в данных фразеологизмах сопоставляемых языков доминирующим компонентом является глагол. В казахском и русском языках нами было отмечено следующее сходство: фразеологизмы этого микрополя имеют модель «имя существительное + глагол», в то время как в английском языке чаще всего встречаются фразеологизмы, образованные посредством присоединения к глаголу имени прилагательного. Также в русском языке в большинстве случаев возможна перестановка компонентов, например: *взяться за – за ум взяться, думать головой – головой думать*, что не приводит к искажению смысла. В казахском и английском языках такие замены недопустимы.

Данное микрополе казахского языка, в отличие от двух других, характеризуется фразеологизмами, отражающими интеллектуальный рост человека; в английском языке, наоборот, наблюдается преобладание фразеологизмов со значением *думать*. Под понятием *умнеть* в казахской фразеологии подразумевается *становиться грамотным: сауат ашу, қара тану, көзі ашылу*; в английской фразеологии – *становиться умным, сознательным: be quick on the uptake, to become clever, conscientious*. В

русском языке наблюдается несколько иное понимание развития интеллекта. В традиционном русском понимании понятие *умнеть* равносильно понятию *осознать, образумиться*. Это довольно четко прослеживается во фразеологизмах *взяться за ум, доходить своим умом, хватиться за ум, входить в разум, набираться ума*.

Фразеологизмы микрополя «характеристика мыслительных способностей» используются для выражения оценки интеллекта, умственных способностей человека. Как показал типологический анализ, в отличие от многокомпонентных английских фразеологизмов, большая часть фразеологизмов микрополя казахского и русского языков являются двухкомпонентными. Почти во всех фразеологизмах данного микрополя сопоставляемых языков присутствуют соматические имена. В 33,3% проанализированных фразеологизмах данного микрополя русского языка встречается соматизм *голова* и абстрактное наименование *ум: с головой на плечах, с царем в голове, иметь голову; набираться ума, ума палата, наставлять на ум*.

Как и фразеологизмы микрополя «абстракции и субъекты мыслительной деятельности», фразеологизмы этого микрополя очень содержательны. Например, по фразеологизму *омыртқасы тузу жігіт* в значении ‘грамотный, умный; видный; на все руки мастер’ можно заключить, что в казахском народе ровная осанка, статная фигура являлись характеристиками разумного человека.

Отличительной чертой исследуемой фразеологии казахского языка является частое употребление наименований-соматизмов, которые позволяют увидеть своеобразное толкование умственных способностей человека, т.е. отражение в языке абстрактных процессов духовной (когнитивной) сферы человека посредством конкретных анатомических наименований. Так, в отражении мыслительных способностей человека участвуют фразеологизмы с компонентами-соматизмами *көкірек (грудь, грудная полость), көз (глаза), құлақ (уши), маңдай (лоб), йық (плечи), омыртқа (позвонок, позвоночник), төбе (макушка), тіл (язык)*. Интересно заметить, что в данном семантическом микрополе казахского языка не встречаются фразеологизмы с соматизмом *бас (голова)*. В русской фразеологии наоборот, преобладают устойчивые словосочетания с компонентом *голова*, но почти не встречаются другие соматические наименования. Данная специфика казахского мировидения может



быть объяснена прежде всего, «широким распространением анатомических знаний о строении тела животных, обусловленного скотоводческим образом хозяйствования казахов, и меньшая распространенность подобных знаний у русских, ведущих земледельческое хозяйство» [4, с.184].

Если казахская фразеология, отражающая мыслительную деятельность человека, отличается употреблением соматической лексики, то в русской фразеологии наблюдается широкое употребление культурно маркированной лексики (ср.: с *царем в голове, третий калач, видеть на три аршина в землю, ума палата*); активное употребление соматизма *голова*; зоонимов – *собака, воробей, волк*.

В мировидении носителей русского языка умный, сообразительный, способный разумно мыслить человек во фразеологии отражался как человек «с головой, с умом, с открытыми глазами», т.е. сам факт присутствия «головой» и «ума» говорил о высоком уровне развития интеллекта человека. Для сравнения: в русском народе *глупым* считался человек, полностью лишившийся ума и головы, с дырявой головой и т.д.

Подобные ассоциации сложились и у англичан, на что указывает фразеологизм *have (got) a (good) head on one's shoulders*, который дословно переводится как 'иметь голову на плечах'. Сложившимися стереотипами ума и мудрости в сознании англичан являются *сова, черт* и *Соломон: wise as Solomon, solemn (wise) as an owl*. Также в нескольких фразеологизмах английского языка, типа: *a smart as paint, quick on the draw* наблюдается тематика изобразительного искусства. Если в русском языке умный человек «на голову выше» остальных, то в английском он выше не только *головой*, но и *плечами* («*be head/stand and shoulders above smb/smith*»), в то время как в казахском языке человека, «головой выше других», называли человеком «высокого уровня» *өресі жоғары*.

Таким образом, выявлены следующие сходства и различия во фразеологическом описании мыслительной деятельности человека, в частности фразеологии, отражающей субъект, процессы и свойства мышления с положительной коннотацией. Так, в сопоставляемых языках наблюдаются различия: 1) в составе семантических микрополей; 2) в избирательности составляющих компонентов; 3) в структурных моделях фразеологизмов; 4) в формировании моделей ментального представления образа «мыслящего, разумного человека».

В целом, различие фразеологического моделирования данных семантических фрагментов в изучаемых языках обуславливается идиоэтническим представлением и пониманием ценностной картины мира, своеобразным представлением о самой культуре. Так, например, в казахском и русском мировидении *ум* и *разум* чаще соотносятся с антропным и соматическим кодами культуры, в английском – это зооморфные, вещные и соматические коды культуры.


Настоящим исследованием мы не исчерпываем все проблемные вопросы и исследовательские задачи, которые в полной мере могли бы раскрыть специфику семантической организации данных микрополей. Дальнейший анализ осуществляется с позиций двух научных лингвистических направлений: психолингвистического и когнитивного, которые позволяют рассмотреть данный фрагмент духовной сферы человека как особый феномен окружающей действительности в его отражении в семантическом пространстве языка.

### Литература:

1. Журавлева Я.А. Моделирование семиотического пространства идиоматического знака (на материале китайских фразеологизмов типа чэньюй). Дис. ... к.филол.н. -Благовещенск: ГОУ ВПО «Благовещенский государственный педагогический университет», 2007. - 279 с.
2. Колесов В.В. Философия русского слова. -СПб.: ЮНА, 2002. - 448 с.
3. Сергеева Н.М. Ум и разум // Антология концептов. Под ред. Карасика В.И., Стернина И.А. – Волгоград: Парадигма, 2005. Том 1. - С. 286-305.
4. Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. -Алматы: РГП ПКО «Казснабобразования», 1999. -183 с.

### Лексикографические источники:

1. Большой фразеологический словарь русского языка. Значение. Употребление. Культурологический комментарий. Отв. ред. Телия В.Н. –М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА. 2-е изд. -784 с.
2. Wehmeier S. Oxford advanced learner's dictionary. UK: Oxford University Press, 2005. -1940 с.
3. Казахско-русский фразеологический словарь. Под ред. А.С.Аманжолова. Алма-Ата: Мектеп, 1988. - 224 с.
4. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. -712 с.
5. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – М.: Русский язык Медиа, 2006. -571 с.
6. Молотков А.И. Фразеологический словарь русского языка. –М.: Советская энциклопедия, 1968. -543 с.
7. Степанова М.И. Фразеологический словарь русского языка. СПб.: Полиграфуслуги, 2006. -608 с.



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



### ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ

**Ж.Е. Акилбекова,**  
№49 «Думан» бөбекжай-  
балабақшасының тәрбиешісі

*Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм  
күшті болуымыз керек,  
білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп ке-  
рек, күшті болуға бірлік керек.  
Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.  
Ахмет Байтұрсынұлы.*

«Әліппенің Ахмет Байтұрсынов әзір-  
леген үлгісін қайтарамыз - басқа-  
сының керегі жоқ» - деп айтқан  
білім министрі Асхат Аймағамбетовтың сөзі-  
мен былтырғы оқу жылында қолына әліппе  
ұстаған бүлдіршіндерді жаңа оқу жылының  
алғашқы қоңырауында көрген болатынбыз.  
Бұл қуантарлық жаңалық! Әліппе оралды!  
Алақай! Әліппе балалардың алғашқы оқу-  
лығы, сауаттылық әріп танудан басталады, ал  
жақсы кітап ол білімнің бастауы.

Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген  
мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұр-  
сынұлының ұлтына сіңірген ұлан ғайыр  
еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең  
бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауа-  
тын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы,  
ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы,  
екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің  
барлық саласына назар аударған ірі публи-  
цист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі  
– ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін  
де зерттеген ғалым және халықтың тез сауат-  
танып хат тануы үшін араб жазуын рефор-  
малап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей  
тұлға. Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста бол-  
ған араб жазуының халықты тез әрі жаппай  
сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері  
мен қиындықтары болды және араб әліпбиін  
пайдаланған күллі түркі халқы ортақ орфо-  
графиялық заңдылыққа бағынған болатын.  
Ал бұндай жазуды ұлттық деңгейге көте-  
рудің ең басты тәсілі ретінде А.Байтұрсынұ-  
лы араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық  
заңдылығына сәйкес реформалау деп білді,  
осылайша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып  
келе жатқан араб графикасына өзгеріс енгі-

зу идеясын алғаш көтеріп, оны іс жүзінде  
реформалады. Араб жазуын реформалауға  
түрткі болған ең басты себептер мыналар  
еді: бір дыбыс бірнеше әріптермен жазыла  
беретін, дауысты дыбыстар көп жағдайда  
таңбаланбай, араб тілінің заңдылығына сәй-  
кес берілетін, қазақ тіліндегі тоғыз дауыс-  
тыға үш таңба (а, у, и) ғана арналған бола-  
тын. Міне осымен байланысты жазылған  
сөздің мағынасын ажыратуда қиындықтар  
мен кедергілер көп еді және дауыстыларды  
таңбалайтын әріптер жеткіліксіз болатын.  
Араб әліпбиіндегі осындай кемшіліктер ха-  
лықты сауаттандыру ісін тежеді. Бұл қиын-  
дықтарды шешудің жолын тауып, ұлттық  
әліпбиді құрастырған және ана тілінде сауат  
ашудың ең тиімді құралын жасап шыққан  
А.Байтұрсынұлы болды. Мен балабақша-  
да А.Байтұрсынов шығармаларын балалар-  
ға таныстыруда ересек топтарында «Аққу,  
шортан һәм шаян» мысалын бейнебаян ар-  
қылы балаларға көрсетіп, сұрақ-жауап арқы-  
лы талдау жасап және сурет көрмесі арқылы  
Ахаңның шығармашылығымен таныстыр-  
дым. Сурет көрмесіне ата-аналар да атсалы-  
сып, шығармаларын іздеп оны балаларға та-  
ныстырып, сол шығарманы бейнелеп берді.  
«Аққу, шортан һәм шаян» мысалын топтағы  
балаларға рольге бөліп беріп, сахналау ар-  
қылы оны киноға түсіріп балалар рольдерде  
ойнап кейіпкерді сипаттап берді, бұл жердегі  
негізгі мақсат- балалардың тілін дамыту,  
сахнада өзін еркін ұстауға баулу, шығарманы  
түсініп айта білу және баяндау. Балалар өз-  
деріне берілген тапсырманы орындап шыға  
алды. Кино түсіріп жүріп балалар рольдер-  
де жақсы ойнап шықты: бала Ахмет ролін-  
де Марғұлан атты бала «Аққу, шортан һәм  
шаян» мысалын автор болып айтып берсе,  
аққу, шортан, шаян роліндегі балалар мысал-  
дағы негізгі ойды айта алды, оператор мен  
оператор ассистенті болған балалар болып  
жатқан сахналауды киноға түсірді, осылайша  
көріністегі барлық балалар шығарманы жақ-  
сы түсініп тани алды. А.Байтұрсыновтың  
басқа шығармаларын балаларға қуыршақ  
театры арқылы түсіндіріп бердім, балалар та-  
машалап мәз мейрам болды. Алдағы уақытта  
А.Байтұрсынов шығармаларын насихаттауда



ата -аналарға балаларға осы шығармаларды айтып беріп, сусындатып өсіруді шақырамын,себебі шығармаларды тыңдай отырып жақсыны танып,жаманнан аулақ болады,берер тәлім- тәрбиесі өте зор.

Топта жасалып жатқан буккроссинг бұрышында А.Байтұрсынов шығармаларын толықтырғалы отырмын, мұнда балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру, шығарманы мәнерлеп айтуына, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге және тіл байлықтарын арттыру мақсаты да алға қойылған. Бала туылғанда ақ қағаз-

дай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді демекші баланы ерте жастан ұлттық рухта тәрбиелеу,- патриоттық сезімді ұялату, ұлт зиялылыларының шығармаларын бойына сіңіріп өсіру өз қолымызда. Сондықтан, бізге артылған міндет те жауапты іс.

Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі, есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қаларына сенімдімін.



## А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ



**А.Х. Урынбасарова,**  
Ақтөбе қаласы,  
№49 «Думан»  
бөбекжай-  
балабақшасы МККҚ  
қазақ тілі мұғалімі

*«Балалар! Бұл жол басы даналыққа  
Келіңдер, түсіп, байқап қаралықта!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,  
Соларды көре тура қалалық па?»*

*А.Байтұрсынов.*

**Ұ**рпақ тәрбиесінде ұлы істерімен ұлт ұстазына айналған Ахмет Байтұрсыновтың тәлім-тәрбиелік шығармаларын мектеп дейінгі баланың дүниетанымын, сөздік қорын байыту, тіл мәдениетінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде пайдалану бүгінгі басты міндет.

Қазіргі таңда бала тәрбиесінде баланың ана тілінде таза сөйлей алмауы, дыбыстың анық айтылмауы өзекті мәселеге айналды. Ана тілімізде сөз байланысы төмен, бала мен ата-ана арасында ана тілінде қатынас жоқ деп айтсақта болады. Қоғамда көп кездесетін көрніс; ана тіліміздің күнделікті қозғалыста қажеттіліктің аздығы әкелердің, аналардың ба-

ласымен орыс тілінде сөйлесіп бара жатқанын немесе балалар бір бірімен орыс тілінде әңгімелесіп ойнап жүреді. «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді», -деп тіл табиғатының қыр-сырына терең, жан-жақты зерттеген ғалым А.Байтұрсынов нақты айтып өткен. Тіл - ұлт мәдениетінің қайнар көзі. Біздің ана тіліміз шексіз бай, өте көркем тіл. Атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұрамыз, сарқылмас қазынамыз. Ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Болашақ бүгінгі біз тәрбиелеп отырған бүлдіршіндер. Егемен еліміздің ертеңі бүлдіршіндері ана тілінде ертегілер тыңдап, еркін сөйлеп өсуі керек. Ахмет Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге шақырып, әр қазақтың білім алуын аңсады.

Баланың тілінің дамуына, ұлттық санасының қалыптасуы мен жаңаруына Байтұрсынов шығармалары зор ықпалын, игі әсерін тигізі сөзсіз. Қазақ тілі маманы ретінде «Тіл туралы» Заңның орындауы бойынша құрылған тәрбиелік іс-шаралар жоспарына сәйкес балабақшамызда педагог-ағартушы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы сөз зергері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай ақын шығамаларын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатымен байқау ұйымдастырдық. Байқаудың негізгі міндеттері Ахмет Байтұрсынов шығармаларын сахналау, шығарма мазмұнымен көркемсурет салу болды. Байқауға ата-аналар да бірлесіп белсенді атсалысты. Ахмет Байтұрсынов шығармаларын іздеп оқып, отбасымен бірге қойылымы жасап шығармашылық сабақтастыққа, отбасылық ауызбіршілікке ұласты. Байтұрсынов шығармаларымен кеңінен таныстық.



Ахмет Байтұрсыновтың сүйікті жанры-мысал. Ақының әр мысалынан; кемшіліктер мен жағымсыз қылықтарды сынау үшін «алмас қанжардай» өткір құрал еткенін байқауға болады. Мысалы: «...Жүк әлі күнге орынында тұр, бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс» - деп мысал айта отырып балаға үміт беріп тұр, егер; «Жігіттер мұнан ғұрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек болсаң жолдас. Бірінің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің онбас» - дей келе бірлікке шақырып, бәрі біріксе арба жылжыйды, олай болмаған күнде осы мысал кейіпкерлері секілді жан-жаққа тарау, халық сөзімен айтсақ — «бірлік болмай тірлік болмас» болатынын жетесіне жеткізе айтып, халқына «бірлікпенен өрнектендер тірлікті» деп «Аққу, шортан һәм шаян» аударма мысалында өсиет айтады. Бұл мысалдар жас ұрпаққа, бүгінгі бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолында тиімді технология десе де болады. Мектепке дейінгі ұйымда күннің ІІ жартысында АКТ арқылы «Күншуақ» топ тәрбиеленушілеріне «Аққу, шортан һәм шаян» мультфильмі көрсетілді. Мультфильмді тамашалап болған кейін балалармен мысал ертегіні мазмұндау ол үшін педагог жетекшілігінде «Жақсы сұрақ» ойыны ойналып:

- қанатты кейіпкерді ата
- балықтың қай түрі байқадың
- қолы орақ, басы тарақ, қандай жәндік, осындай қызықты сұрақтарды түрлендіріп қоя отырып балаларға кейіпкерлерді таныстырып, кейін мысалдың мазмұнын ашуға бет бұру. Ол үшін сыни ойлау әдісімен «Еркін жауап» креативті ойын ашық әңгімелелеу;

Қай кейіпкердің іс әрекеті дұрыс	Не ұнамады?	Неліктен ол бұлай?
Ешқандай кейіпкердің ісі дұрыс емес (балалар жауабы)	Аққу нәзік құс оған ауыр көтеруге болмайды. Шортан мен шаян аққуға көмектесу керек (қыз бала пікірі).	Әр қайыссы әр жаққа тартпау керек

Сахна әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер, сезім, ұмтылыс сыйлайтыны белгілі. Мысалдағы кейіпкерлердің мінезін аштық, кеңінен таныстық енді сахналық көрініс, театрлық қойылыммен жұмыс жүргізіледі. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатымен «Аққу, шортан һәм шаян» мысал-ертегісін кино түсірілім үлгісінде жоспарланды. Бір бала режиссер, енді бірі оператор болды, кейіпкерлер киноға түсердей әсер алды.



Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамыта отырып кейіпкердің образын сезіну. Арбаны аққу көкке, шаян құмға, шортан суға тартқан кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері дұрыс емес екендігін білді, көздерімен көрді. Сахналық қойылым арқылы мінез-құлықтарын береді және тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасты.





Шығармашылық сала бойынша сурет салу тәсілінде осы ертегі-мысалды бекіту. Балаларға сурет салу өнері қатты ұнайды, сол себепті олар кейіпкерлердің суретін, мазмұнын бейнелей отырып естеріне ұзақ сақтап алады.

#### ОРЫНДАЛАТЫН ТАЛАПТАР

1	<i>Шығарманың мазмұнын түсінуге және жағымды кейіпкерлердің әрекетін дамуын қадағалау;</i>
2	<i>Баланы ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу;</i>
3	<i>Сөздік қорын молайтып, тіл мәдинетін, интонациясын қалыптастыру;</i>
4	<i>Отанға, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, қоршаған ортаға бейімдеу</i>
5	<i>Еңбекке, ауызбіршілікке үйрету, ұқыптылыққа баулу</i>

#### КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

- Шығарманың мазмұнын түсінеді, айтады, кейіпкерлердің мінездерін ажыратады;
- Әдеби сөздерді қолданып дыбысты анық айтады, өз ойларын ашық жеткізеді;
- Отанын, туған жерін сүйеді, табиғатқа қамқорлық жасайды;
- Ұжымдасып ауызбірлікте әрекет ете алады, достарымен тез тіл табысады.

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасының өміршеңдігі, оның бұлжымас мақсаты өзі-

нен кейінгі сан мыңжылдық ұрпаққа рухани азық. Өркенниеттің өлшеуі де, мемлекеттің келешегі де, қашанда қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді. Өскелең ұрапактың сапалы білімі мен саналы тәрбиесі қай уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Білімнің бастауы қай кезде де тіл болып есептелген. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуыту балабақшадан қалыптасады десек, біз балаға тілдік тәрбие беруде қателеспеміз керек. Биылғы оқу жылынан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мектепке дейінгі тәрбие білім саласында күні бойы режимдік талапқа енгізілді. Мектепке дейінгі баланы, мемлекеттік тілді үйрете отырып, ауызекі сөзді байланыстырып сөйлеуін дамыту, өз ойларын жеткізе алатын, ана тілде қарым-қатынасқа түсе білетін тұлға болуы үшін баланың бойындағы коммуникативтік күзіреттілікті дамыту басты міндет. Осы жоба барысында Ахмет Байтұрсынов мысалдарын бала тез түсініп және мәнді мазмұндауын аңғардық. Ақынның шығармаларын қолдану – заман талғамайды. Сол себепті бүгінгі ұрпаққа, қазақи тілімізде айтсақ Аханның шөбере шөпшектеріне тағылымдық ғибратқа толы ғылым жолы. Қалай айтсақта ұлттын ішексіз сүйген үлкен жүректі ғалымның еңбектерін ұрпаққа сабақтастыру біздің кезекте.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов шығармалары I том Алматы 2013ж
2. «Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат» 2022жыл Нұр-Сұлтан қаласы
3. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003 ж.



#### ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

**М.Н. Шмельденова,**  
№49 «Думан» МДҰ музыка  
жетекшісі

**Қ**азақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны да сондай ерекше!

Қазақ тілінің жанашыры, педагог, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы публицист, аудармашы, қоғам қайраткері - Ах-

мет Байтұрсынұлының өз ұлтына сіңірген еңбегін әр саладан байқауға болады. «Әліппе» оқулығының авторы қазақ балаларының өз ана тілінде сауаттануына көп күш жұмсаған ағартушы ғалым. Ол бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып, кемелденуіне бағыштады. Ол өзінің оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліппе», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдісте-





мелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы түрлі ғылыми өресі биік еңбектер жазды.

А.Байтұрсынов өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің классигі И.А.Крыловтың туындыларын аударып, "Қырық мысал" деген оқулық шығарды. Осы мысалдарды аударуда ағартушылық мақсатты көздеген болатын. Қалайда халықты ояту, санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын шығармашылық жұмысын аудармашылық пен өлең жазудан бастады. Көптеген шығармалардың ішінен таңдап отырып, қазақ халқының әлеуметтік өміріне, тұрмыс-тіршілігіне сай келетін, надандығын, жалқаулығын, алауыздығын әшкерелейтін шығармаларды аударды.

Патша үкіметінің отарлау саясатының қазақ халқының жағдайын төмендеткенін, жоқшылықтың халықтың шымбайына батқанын көрген Ахмет Байтұрсынұлы 1913 ж. «Жиған-терген» атты өлең шығарды.

*Қазағым, елім, қайқайып бөлің,*

*Сынуға тұр таянып.*

*Талауда малың, қамауда жаның*

*Аш көзіңді оянып.*

*Қанған жоқ па әлі ұйқың?!*

*Ұйықтайтын бар не сиқың! -*

деп халқын ынталандырып, жігерлендіруге ұмтылды. Ол әрдайым қара халықтың қамын ойлап, оларды шаруа қылуға, оқуға, білім алуға шақырып отырды. Осы жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Оқу жайлы» атты мақаласында мәдениетті елдермен мәдениетсіз, оқу-білімсіз елдерді салыстыра келіп, «Оқусыз қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшетіндігін» атап көрсетті. Болашақ заманда барлығы ғылымға негізделетінін, барлығын машина жасайтынын, адам баласын көкте құстай ұшырататын, суда балықтай жүздіретін, дүниенің бір шетінен екінші шетіне жылдам хабар алғызатын, отарба, откемелерді жүргізетін ғылым деп өнер мен ғылымның жасампаздық күшін паш ете келе, қазақтың басқа жұртқа жем болуының басты себебі оқусыз надан болудан деп, санаған. Ол балаларға жылдам хат тану үшін дыбысты ажырататын жаттықтыру әдіс-тәсілдерін терең қарастырды. Сауаттылықтың негізі жазуға жаттықтыру деп түсінген ғалым көркем жазу мен мәнерлеп оқу-жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар методикалық бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 ж. «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың ме-

тодикасына арналған әдістемелік құрал шығарды. Онда автор мұғалімдерге «Өліппені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп берді.

А.Байтұрсынов оқытудың білімдік-танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлген. Оның жазған «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді тұңғыш тізімге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. «Өнер дүниесі ғылым арқылы жасалады. Ол адам еңбегін жетілдіруге, жаңалық табуға, табиғатты меңгеруге, адамдардың әлеуметтік-өмірлік қажетін өтеуге қызмет етеді... Бұдан басқа адамның рухани қажетін өтеу үшін қызмет ететін түрлері бар. Олар беске бөлінеді:

1. Сәулет өнері;

2. Сымбат өнері;

3. Кескін өнері;

4. Әуез (музыка) өнері;

5. Сөз өнері дей келіп, бұлардың бәрі адамды әсемдікке бөлеуге, табиғаттың тамаша сырларын танып білуге тәрбиелейтіндігіне тоқталады.

Қазақ ауылдарында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларды даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелердің бірі болатын. А.Байтұрсынов бұл мәселелерге де ерекше көңіл бөліп, оны шешудің жолын көрсетіп берді. Мұғалімдерге арнап оқу орындарын ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудық тиімділігін айта келе, ондай оқу орындарының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін немесе қазақ медреселерін оқып бітірген жастарды қайта даярлап мұғалімдік жұмысқа қосу керек деген ұсынысты айтқан.

А.Байтұрсынов шығармаларының негізгі идеясы - жастарды құр сөз, таусылмайтын ақыл-кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу болып табылады.

Сонымен қатар, Ұлы ұстаздың музыка өнеріне де қосқан үлесі орасан зор.

Белгілі өнертанушы А.Затаевич «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» еңбегінің жарық көруіне ықпал еткен бірнеше зиялы қауымның есімдерін атап өтеді. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының да еңбектері бар. Туған елінің әндерін шын сүйетін және орындайтын тамаша домбырашы ретінде Ахмет атамның есімі аталады. Болашақтың тұлғасы-бала тәрбиелеу ісінде мен де өз қызметімде



Ахмет атамыздың мысалдарын музыкалық ертегі ретінде балаларға үйретіп жүрмін.

Атамыз арман еткен, басқадан кем болмайтын білімді ұрпақты тәрбиелеу біздер-педагогтардың басты мақсатымыз екені ай-

қын. Ұлт ұстазы арман еткен егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, дамытуымыз керек! Осындай зор құрметке ие Ұстазымыздың жолын үлкен жауапкершілікпен жалғастырсақ екен деймін!



## ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЗАҢҒАРЫ

**С.Б. Бегалиева,**

№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы  
Логопед

*«Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді»*

*Ахмет Байтұрсынұлы*

**Т**әуелсіздік алғалы бері біз бүкіл әлем мойындаған мемлекетімізді құрып, экономикамызды нығайта алдық. Биыл еліміз ұлы қазақ халқының біртуар ұрпағы, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өтуде. Оны қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ деп санаймын.


Елбасы кітапханасының кітап қорында 2004 жылы жарық көрген А.Байтұрсынұлы шығармалар жинағының үш томы сақтаулы. Оның алғашқы томы өлең-мысалдар мен әдеби-ғылыми зерттеу материалдарынан құрылған. Өлең-мысалдары балаларға оқуға жеңіл, түсінікті. Оқылған мысалдарды балалар оңай әрі еркін түсіндіре алады. Осылайша мен логопед маманы ретінде балалардың

тілдерін, сөз қорларын байытуға болады. Екінші том оқушы-студенттер мен мұғалімдерге, сондай-ақ кең аудиторияға арналған оқу құралы болса, жинақтың соңғы томы – оқулықтар мен әдістемелік құралдардың толық жинағы. Бұл шығармаларды балаларға оқып, қолданып қана қоймай өзіміздің тілдік, сөйлеу мәдениетімізде толықтырып, пысқтап отырамын. Әр шығарма өзіндік бір бөлек әлем деп толық айта аламын. Шығармалар бір-біріне ұқсамайды, тәрбиелік мәні бар.

Ахмет Байтұрсынұлы өмірбаянының негізінде бір қатар еңбектер жазылған. Олардың кейбіреуі Елбасы кітапханасында да бар. Мысалға, Райхан Иманханбетованың «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» мен Амантай Ахметовтың «Рух әміршісі» («Властелин духа») атты кітабы қазақ ағартушысының өміріндегі елеулі кезеңдерді баяндайды. Осы шығармаларды оқып отырып ағартушымыздың өмір жолы қиын болғанын білуге болады. Елбасы кітапханасының қорында Ахмет Байтұрсынұлының 125 жасына орай ұйымдастырылған «Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы да сақтаулы тұр. Бұл жинақтарда кең ауқымды әрі түсінікті жазылған. Балаларға жақсы мен жаманды түсіндіру мақсатында жазылған мысалдар мен әңгімелерін еңбек жолымда кеңінен қолданып.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласының әр түрлі аймақтарында мектептер ашып, ұстаздық қызметпен айналысып, жарғақ құлағы жастыққа тимей, «әр қазақтың баласы қалайда оқу керек» деп - масаша ызылдап, туған халқын оқуға, өнер-білімге шақырды. Осы еңбек пен шығармаларды мен ұстаз және қазақ қызы ретінде әрі қарай ұлықтап, балаларға үйретуден аянбаймын!





## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ–ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

*С.Б. Узақбаева,  
№49 «Думан» бөбекжай-  
балабақшасы  
тәрбиешісі*

**А**хмет Байтұрсынов – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің бойындағы бар талантын туған халқына арнап, елінің шексіз ықыласына бөленген қайсар, қаһарман ғалым.

Ол бұлтты аспаннан жарқырай шыққан жарық күн секілді нұрын, жылуын сепкен ағартушы. Сонымен қатар өз туған ана тілі үшін түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, қоғам қайраткері десем қателеспеймін. Жіпке тізген моншақтай тізбектеп отырған атақ, даңқ, лауазымдардың барлығы талант иесіне тектен текке келмегені сөзсіз. Ақынның қанаты талмай, ізденіс жасауының арқасында көптеген әсерлі туындылары жарыққа шықты. Қоғам белсендісінің ұстанған мақсаты – туған халқына аянбай қызмет ету еді. Ақын осы мақсатқа небір тар жол, тайғақ кешуде елінің мақтанышына айналған тұлға.

А.Байтұрсынов – өнердің ішінде сөз өнерінің аса құдіретті екеніне айрықша тоқталды. Қандай сәулетті сарайлар болсын, әдемі ән-күй болсын, оны әсерлі сөзбен суреттеуге болатынын шебер жеткізген. Ақын тіл тазалығын қатаң сақтауды талап етеді. А.Байтұрсыновтың мына пікірі тіл тазалығын сақтаудың қай кезде де аса маңызды екенін былай жеткізеді: « Жалғыз-ақ қашатынымыз – жат сөзділік. Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ басқа сөздермен араластыра берсе, ақы-

рында ана тілінің қайда кеткенін білмей, ана тілінен айырылып қалуы әбден мүмкін» деген еді. Ұлт ұстазының пікірі өте айтылған. Расында да әрбір отбасының мүшелері өз ана тілінде сөйлемесе, салт-дәстүріне салғырт қараса, ұлт болашағы не болмақ? Келешек ұрпақ үшін отбасындағы қазақи ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Ұрпағымыз ұстаз бен ата-анасы берген білім мен тәрбиені қатар алып жүрсе, отбасы мүшелері тарапынан тілімізге деген жанашырлық танытылса, нұр үстіне нұр болар еді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда қаракөз қазақ отбасыларының өзге тілде тіл шұбарлап, орыс мектептеріне балаларын жетектеп алып бара жатқанын көргенде, еріксіз қызғанасың, ренжисің, іштей қынжыласың. Амал қанша? Қоғамда әр адамның ұстанған пікірі, ойы әр басқа, сондай-ақ қағидасы әрқилы. Шіркін, ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың керемет пікірлерін сол ата-аналарымыз оқыса, бәлкім қоғамдағы жағдай басқаша орын алар ма еді?! Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзенттерімен қайта қауышып, табысып отыр. Бұл қуантарлық жағдай. Сөйтіп, арада бірнеше жылдар өтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды. Халқының бостандығы, тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін жан аямай күрескен ұлт ұстазы А.Байтұрсынов – ұлт күрескерлерінің сапына қосылды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының рухани көсемі өнер мен ғылымның саласын жете меңгеріп, еліміздің ұлттық санасының оянуына қайыспай қарсы тұрған А. Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы жылдармен жылжып ілесіп, болашаққа жарық сәулесін мәңгілікке төге бермек.





## ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ



## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*А.Б. Таджибаева,*

*№4 Алға ОМ,*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*


Соңғы жылдары жастардың көркем әдебиетке деген қызығушылығы азайып бара жатқаны баршамызға аян. Қазіргідей жанару мен жаһандану, ақпараттар мен техниканың қарыштап дамыған заманында әдеби кітапты қайтсең де оқисың деп талап етудің өзі кейде бос әурешілік пе деп қаласың. Бүгінгі оқырманның ықыласы ғаламтор мен небір ғажаптарды жазған сайттарға ауысып алған. Интернетсіз өмір сүре алмайтын жастардың кітап оқуға зауқы да жоқ шығар, сірә?! Көркем әдебиетті оқуға ықыласы жоқ екен деп қол қусырып отыру – ертеңгі өсер ұрпақтың тамырына балта шабуға әкелері анық. Сондықтан мұғалімдер қауымы көпшілікпен біріге отырып, болашағымыздың көзі қырақты, көкірші ояу болу үшін рухани санасына сәуле отын жағуға жол таба білуіміз қажет. Жастардың рухани байлығын молайтып тәрбиелеудің тағы бір жолы – баланы жастайынан әдеби кітап оқуға әуестендіру. Жоғарыда атап өткенімдей, оның себебін іздеп, сан түрлі ойға да баттық. Оны нарық заманынан ба, кітаптың қымбаттауынан ба, әлде ақын-жазушыларымыз бала ұғымына сай кітап жаза алмай жатыр ма, ақпараттар мен техниканың заманы кінәлі ме немесе бала түгіл өзі де кітап оқымайтын ата-анадан көреміз бе? деген сан сұрақ сананы жаулады. Жалпы қоғамда кітап оқуға деген құштарлық жойылып барады. Кітап оқымаған елдің жастарының ертеңі қандай болмақ?

Техниканың толассыз тасқыны рухани дүниенің тынысын тарылтып отырғаны шындық. Көркем әдебиеттің оқылмай жатқаны тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде етек алып отыр. Мысалы: бұрын Гомер мен Шекспирді, орыстың Пушкині мен Лермонтовын оқымайтын адам кемде кем болған. Ал бүгінде оларды білмек түгілі, өз дәуірінің жазушысын танымайтындар қаншама?! Білім алушылардың көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының төмендеуі –

менің санама мынадай көкейкесті сұрақтарды қоюға мәжбүр етті: «Жас өрендердің көркем әдебиетті оқуға неліктен ынтасы жоқ? Болашақта біз алдыңғы қатарлы елдермен тереңіземіз тең болу үшін баланың кітап оқуы қажет пе? Кітап оқымай-ақ, компьютерді білумен де биіктерге жетеміз дегендердің әрекеті дұрыс па? Көркем әдебиетті оқығаннан біз не ұтамыз? Бұл сұрақтар санамда жаңғырып тұр.

Табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу, жансыз нәрсені жанды кейіпкер бейнесінде әңгімелеп жаздыру, әңгіменің сюжетін бастап беріп, өздеріне көркемдік шешімін шығарту, сондай-ақ белгілі тақырыпта жазылған өлеңді қара сөзге айналдырып жаздыруға үйретудің маңызы зор. Мұның барлығы білім алушылардың әдеби кітапты оқуға деген ынта-ықыласының артуына жол ашады. Жасөспірімдердің қиял ұшқырлығы мен логикалық образды ойын дамытуға жетелеп, сол арқылы сөздік қорының молаюына, тіл байлығының артуына себепші болып, жастарымыз өздігінен көркем әдебиетті ізденіп оқитын дәрежеге жетеді. Өмірді түсіне білуге деген өзіндік көзқарасты қалыптастыра отырып, көркем туынды кейіпкерлерінің орнына өзін қоя білу арқылы өз өмір жолының дұрысын таңдайды. Жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырата біледі. Әлем әдебиетін оқу арқылы дүниежүзілік оқиғалардан хабардар болады. Әрбір адам көркем шығармамен неғұрлым жастық шағында танысса, оның оқырмандық қабылдауы да соғұрлым ерте тамырланатындығы, терең де жан-жақты дамитындығы шындық. Тағы бір табатын үлкен жетістігіміз – сөздерді қатесіз жазуға дағды қалыптасады.

Әдеби кітап оқу – жасөспірімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің ең негізгі қайнар көзі болып табылатыны белгілі. Өкінішке орай, бұл мәселеге біздің ата-аналарымыз да аса мән бермей отыр. Білімге деген сүйіспеншіліктің негізі кітап оқу арқылы қаланатынын көп жағдайда ескере бермейтіні алаңдатарлық жайт. Шәкірттерімізге кітаптың адам өмірінде алатын орны мен оның маңызын түсіндіре білуіміз керек. Кейбір ата-аналар баланың не оқып, не білуіне көмектесуші тек пән мұғалімі мен кітапханашы деп біледі. Бұл қате түсінік.



Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінен бастап, Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма», «Жусан иісі» әңгімелерінің оқиғасын мұғалімнің өзі бастап, әңгімелеп қызықтыра біліп, оқушыларды жаппай осындай оқиғасы тартымды, көкейге қонымды, тілі жеңіл, көркем туындыларды оқуға баули отырып, олардың әдеби кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады. Біртіндеп күрделендіре отырып, арасында «Кім көп оқиды?» атты әдеби сайыс өткізудің әсері мол болады. Бұл арада білім алушының алдымен көркем әдебиетті оқуға деген өзіндік қызығушылығы артып, сол оқыған кітабындағы кейіпкерлерге талдау жасау барысында мағынаны ажыратып, өзінің алған әсерін, түйіндеген ойын сөйлеу арқылы беріп отырады. Нәтижесінде олардың тіл байлығының қалыптасуына игі ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында ұлттық және әлеуметтік қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізін-

де жеке адамды қалыптастыру мен дамыту үшін арнайы жағдайлар жасау – білім беру жүйесінің басты міндеті деп көрсетілген. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық, батырлық, Отансүйгіштік қасиеттер болуы тиіс.

«Ұлттың ұлағаты – мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты – оқу мен әдебиетте» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлттық талғамы мен сана-сезімі жоқ адамда отаншылдық рух та болмайды. Сондықтан жас ұрпақты кітап оқуға баулиық!

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманова Г.К. Қазіргі ақпараттық қоғамдағы оқу мәдениеттілігі туралы. Павлодар, 2012.
2. Әрінова Б.Л. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Алматы, 2003 ж.
3. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, Білім, 2009 ж.



## ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**А.Ф. Әбдібекова,**

*Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының оқытушысы*

*«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілде де: қазақ тілін-мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін-ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін-жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек»*

*Н.Ә.Назарбаев.*

**Т**іл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін

көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз қазақстандықтар үшін, жастар үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі дамыту қажеттілігін туындатып отыр. Білім-адамзат қазынасы, халықтың білімділігі-елдің байлығының ең маңызды бөлігі. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүние таным қалыптасады.

Оқытудың ситуативтілігі оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация»-дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік-қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарымқатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді:

- а) статустық;
- ә) рольдік;
- б) іс-әрекеттік;



в) ізгілік [1, 24].

Қарым-қатынас процесі оқытудың мақсатына, жағдайына, мүмкіндігіне қарай үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші сол өзгерістерге байланысты қарым-қатынастағы өзгерістерді де ескеріп отыруы керек. Оқушыларды қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды да жиі түрлендіріп отыруды қажет етеді. Осы ұстанымға байланысты тілдік дағдылар да өзгертіліп отырылуы керек. Бұл оқушылардың айтқысы келген ойын басқаша жеткізуге, сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, тез сөйлеуге көмектеседі.

Қазіргі кезде оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін қалыптастыру- бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Тіл дамытуда мынадай тілдік материалдарды пайдалануға болады:

а) Тіл дамыту жұмыстарын көркем-әдеби үлгілермен емес, таза «бала тілін» бақылау арқылы жүргізу.

ә) Тіл дамытуда газет-журналдардың, ресми іс-қағаздардың тілін пайдалану.

б) Тіл дамытуда көркем-әдебиет тілінен үлгі алу.

Тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі:

1. сөздікпен жұмыс;

2. сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс;

3. байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары.

Зерттеу жұмысында коммуникативті оқыту технологиясының теориялық негіздері қарастырылады. Ғалымдар көзқарасымен, ауызекі сөйлеудің өлшемдері мен оған қойылатын талаптары баяндалады. Екінші бөлімінде оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйретудегі коммуникативтік әдістер және шет тілін оқыту әдістемесі оқу курсының сабақ бөлімі бойынша мазмұнын сұрыптау сөз болады. Мұның басты себебі, оқушының сөйлеу формаларын игеру дағдысының әлі қалыптаспағандығын, білімнің жеткіліксіздігі деп санаса, кейбір зерттеушілердің пікірінше, мектептегі тіл дамыту жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілмейтіндігінде деп есептейді. [2, 20]

Біз шетел тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы ретінде білеміз. Ағылшын тілінде сөйлеудің негізгі мағынасы - адамның әлеммен қарым-қатынасы, адам санасында көрініс табатын ой. Сөйлеудің негізгі объектісі - адамның шыншыл өмірмен байланысы. Биляевтің ойынша, шетел тілін игеру – бұл басқа тәсілдермен және жолдармен санадағы ойды шығару. Сөйлеудің құрылымына тоқталатын болсақ, оны психологтар былай көрсетеді. Сөйлеуді адамдар бірдеңені айту

қажеттілігі туған кезде қолданады. Ағылшын тілін оқытудың алғашқы сатыларында студенттердің ағылшын тілінде өз ойын жеткізу қажеттілігі туады. Ол қарым-қатынас жасап отырған қимыл іс-әрекет негізінде көрінеді [3, 78 б.]. Мысалы: бірдеңені жеткізу, сұраққа жауап беру, өтінішті орындау, сондай-ақ қаламды әперу, есікті ашу, тақтаны сұрту, т.б. Бұл жағдайлардың негізгі мақсаты - күтілетін қорытынды. Бұл бөлімде сөйлеу мынадай қызметтерді ғана атқарады. Атап айтсақ, не үшін, неге және не айту керек деген сияқты. Сөйлеуді қалай жүзеге асыру сөйлеудің 2-ші бөлімінде, яғни аналитика - синтетикалық бөліміне қатысты. Бұл бөлімінде тіл арқылы ойды жүзеге асыру процесі жүреді. Ағылшын тілінде ойды жеткізу кезінде оқушы естегі сөздерді теріп (анализ), оны ойды жеткізу үшін сөйлеу бүтініне қосу керек (синтез). Сөзді жадыда сақтау үшін оларды белгілі бір нәрсемен қатысты жүйелеу керек. Олар парадигматикалық және синтагматикалық бола алады. Сөйлеудің осы екі түрі көп болса, студенттің сөйлей алу қабілеті жоғары болады. Парадигматикалық байланыс негізінде сөздерді әртүрлі белгісіне қарап есте сақтай алады. Жазу кезіндегі бірдей дыбысталу «two-too one-won, see-sea»- мағына жақындығына байланысты. Мысалы: «small-little» - мағынасының қарама-қарсылығына байланысты - «answer-ask». Сөйлеу кезінде синтагматикалық байланыс та үлкен рөл атқарады. Яғни, басқа сөздермен сәйкес келу негізінде, мысалы: «order» деген сөз келесі сөз тіркестерінде қолданылады. Order-something (order dinner, order breakfast, a new coat, etc.), order to do something (order to stand up, to close the door, to stay in bed), give an order to do something (to stand up, to stay after classes) [4, 202 б.].

Біздің жоғары оқу орынымызда шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйретуде студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кезде, шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделген. Оқушылардың білімін арттыру олардың жалпы дүниетанымын кеңейту мақсатында жүзеге асырылады.

Осы мақсатта анықтама әдебиеттерді пайдалану, мәтін мазмұнын өз бетімен түсінуге бейімдеу және оның кейбір жерлерін түсінгендерін қысқаша айтып беру, шағын хабарлар дайындау және өз пікірін айтып, баға беру сияқты әрекеттерге дағдыландырудың маңызы қарастырамыз.

Шетел тілі пәні оқушылардың жан-жақты дамып жетілуіне, дүниеге көзқарасының, са-



на-сезімінің, рухани және эстетикалық көз-карасының қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруына әсер етеді. Шетел тілін оқып үйрену барысында оқушылар өз сөзін жоспарлай білуге икемделеді, сөз әдептерін дұрыс пайдалануға дағдыланады [5,34 б.].

Жазу дағдыларын қалыптастыру барысында 21 ғасырада техниканың көмегіне сүйенбесек болмас, себебі оны қолданушылардың көп пайызы мектеп оқушылары. Егер оның ішінде 60% жоғарғы сынып оқушылары. Дәстүрлі сабақ үлгісі емес, көбіне техника арқылы орындалатын тапсырмалар жиынтығы өзекті. Мысалы, Quizlet, Think link, Polls everywhere сынды қосымшалары сөздік қорды байытып, дұрыс жазуға бағыттайды.

Quizlet қосымшасында дайын 7 түрдегі тапсырма және шет тілін үйренушілер үшін

шексіз мәліметтер қамтылған.

Бұл қосымша кез келген смартфонға жүктеледі. Тапсырылған жұмыстарыңыздың дұрыстығын қосымша өзі шығарады.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектептегі шет тілі. №4, 2011. 28 б.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 2004.
3. Миролубов, А.А. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе [текст]/ А.А. Миролубов, И.В. Рахманов, В.С. Цейтлин// - М., 1997.
4. Китайгородская, Г.А. Интенсивное обучения иностранным языкам [текст]: иностранные языки в школе / Г.А. Китайгородская// - М., 1999. - № 2.
5. Зимняя, И. А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке / И. А. Зимняя// - М. Просвещение, 1998.
6. Алхазишвили, А.А. Основы овладения устной иностранной речью / А.А. Алхазишвили// - М., 1998.



## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БҮГІНГІ КҮНМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Г.С. Кирбасова,*

*№4 Алға ОМ*

*қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

**Ш**ешендіктің шынайы қуатты болмысына боямасыз дарыған қазақ халқы қашан да, қай істе болмасын мәселенің тамырынан басып, келелі ойлар айта білген. Өз шығармашылығын адамзат болмысына қатысты мәңгілік тақырыптарға арқау ете білген ғұламалар мен тау тұлғалардың мұралары уақыт өткен сайын түрленіп, толығып, құндылығының арта түскендігін байқауға болады. Солардың ішінде жұлдызы ерекше жарық сипатта тұрған – Абай Құнанбайұлы. Қазақ әдебиетінде Абайға дейін де, Абайдан кейін де өшпес мұралар ұсынылып, тарих беттерінде қалса да Абай Құнанбайұлының жөні бөлек.

Абай үнімен жанданған қара сөздер туралы сөз қозғамай, оның қазіргі күнмен сабақтастығын айтпай кету мүмкін емес. Ең әуелі санаға сап ете қалатын сұрақтар: қара сөздің құдіреті неде? Онда көтерілген мәселелердің қазіргі дәуірмен үндестік табуы мүмкін бе? Осы сәтте ең әуелі «қара сөз» деген ұғымның мағынасын тереңірек ашып алуға тиіспіз. Ол үшін белгілі ғалым және саясаткер Ғарифолла

Есімнің мына бір пікіріне жүгінгеніміз жөн: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді. Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. Сөз барысында Абай қара сөздерінде көтерілген мәселелердің бүгінгі күнмен үндестігі бар екендігін атап өттік. Енді дәл сол ойымызды дәлелдемелер арқылы ары қарай өрбітсек...

Абай Құнанбайұлы қазақ әдебиетіне алып келген еркін ойдың жанры, яғни, қара сөздің саны қырық бес екендігі мәлім. Қырық бес қарасөздің барлығы ұлттық сананы биікке көтеру мақсатына негізделіп, бір-бірімен байланыста өрбіді. Мәселен, Абай алтыншы сөзін-



де қазақтың «өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» сөзінің айналасында философиялық тұрғыдан ой жүгіртіп, «тірлік» ұғымының шынайы анықтамасын береді, қорқып-үркіп өмір сүруді тірлік деп есептемейді: «...Ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылу-дан, қызмет қылу-дан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Хайуан мен адамның айырмашылығын ашып көрсетіп, бас көзінің емес, көкірек көзінің ашық болуын, надандықтан аулақ болу сол көкірек көзінің ашықтығында екендігін баса айтады. Байқап қарасақ, дәл осы ой дана Абайдың жетінші қара сөзінде былайша өрбиді: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз». Бұл хакімнің тек қара сөздерінде ғана емес, поэзиясында болсын, жалпы шығармашылығында негізгі мақсатқа айналып кеткен «білім», «ғылым» ұғымдарын меңзеп, сананы ғылым мен білім арқылы

нұрға толтыра алатындығымызды тілге тиек етіп, жол сілтейді. Абай қара сөздерінің бүгінгі күнмен үндестігі ретінде ең бірінші адам болмысын айтар болсақ, сол болмыстың мінсіз қалыптасуына ықпал ететін ғылым мен білім мәселесін кейінгі кезекте айта аламыз.

Абай қара сөздерінде адамның жаман қасиеттері - надандық, жалқаулық, тоғышарлық, білмекке ынтасыздық, қызметке құмарлық өткір сынға алынып, жақсы қасиеттер қатарындағы: білмекке құмарлық, жан тазылғы, білім мен ғылымға деген ізденімпаздық адамды ізгі мұраттарға жетелеп, толық адам болуға бастайтындығын ашық айтады.

Қорыта келгенде, өмірлік тәжірибелермен қатар өзінің боямасыз болмысы арқылы әлі күнге дейін өміршеңдігін һәм өткірлігін жоғалтпаған Абай Құнанбайұлы қара сөздерінің тек қазаққа емес, барша адамзатқа берері мол. Хакімнің өзі бірінші қара сөзінде айтқандай, тек керегінді алып, кәдеңе жаратсаң болғаны. Өшпес, өлмес рухани мұраның өткірлігі қай дәуірмен болмасын үндестігі осында. Біздің бүгінгі міндет – Абай мұрасының айшықты тұстарын санаға тоқып, жадымызда жаңғырту.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Советханқызы Р. Абайдың «Қара сөздері» – білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // Ел. – № 40 (116). – 2 қазан. – 4-б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы: II т. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, – 312 б.
3. Құнанбаев Абай. Қара сөз – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2007 – 160 б.



## ЖАЗУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

**Н.Х. Жарикова,**

*№4 Алға ОМ бастауыш сынып мұғалімі*

**К**оғам мен жалпы білім беретін мектептердің сұранысына сәйкес бастауыш буында көркем жазу пәнінің мәні зор. Оқушылардың жазу дағдысын қалыптастыру, оны кейінгі сыныптарда жетілдіру үшін жазу әрекеті мен психофизиологиялық әрекеттерін ескеру, жазуға үйренудің әр тәсілдерімен қарулану – көркем жазу сабағында жүзеге асады. Ол үшін бастауыш сынып оқушыларында каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру процесінің пси-

хологиялық, физиологиялық, дидактикалық негіздерін ашу керек. Каллиграфиялық дағдыны қалыптастырудың маңызы зор. Ұқыпты, таза, әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушылардың бойында ұқыптылық, тиянақтылық, еңбекқорлық кез келген жұмысты аяғына дейін жеткізуге қажетті төзімділік сияқты қасиеттерді тәрбиелейді.

Әдемі жазу – үлкен өнер. Таза, анық, әдемі жазуды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруға да ықпалы бар. Мектепке алғаш келген күннен бастап баланың жазуына жете көңіл





бөлмеу – көп жағдайда оның өз жұмысына салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеліп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету – оқушының мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Оқушыларды көркем жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу керек: біріншісі әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білу, екіншісі әріп элементін дұрыс жазуға дағдыландыру, үшіншісі жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуды қалыптастыру.

Жас жеткіншектің көркем жазу дағдысы біртіндеп қалыптасады. Әліппені меңгерту кезеңінде сөйлем, сөз, буын, дыбыс ұғымдарын үйретуге, оқулықта берілген суреттер арқылы тіл дамыту жұмыстары жүргізіледі. Сауатты жазу дегеніміз - әріптерді тастамай, шатастырмай жазу. Оқушыға буындап оқыту, сөздерді буынға дұрыс бөлгізу керек. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жазады. Ол үшін дыбыс пен әріп туралы түсініктерін бірінші сыныптан бастап дұрыс қалыптастырығанымыз жөн.

Сауатты жазуға үйретудің тиімді әдістерінің бірі – жатқа жазу. Мысалы: ақ түйіншек секендейді, сары түйіншек жетем дейді. Жұмбақты қызыға шешу (қоян, түлкі) жаттау, сабақ барысында оларды дұрыс сауатты жазуға төселдіреді. Оқушыны сауатты жазуға дағдыландырудың негізгі жұмысы – диктант. Диктанттың өзінің бірнеше түрі бар.

#### **Диктанттың бастауыш мектепте жүргізілетін түрлері:**

1. **Ескерту диктанты.** Мұнда мұғалім мәтінді тұтас оқып шығады. Балалар жақсылап тыңдап отырады. Содан кейін түсініксіз деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мұғалім әрбір сөйлемді қайта оқып шығады, оқылған сөйлемдер балалардың қатысуымен тыңдалады. Сөйлемді жазбас бұрын мұғалім балалардың зейінін ондағы қиын сөздердің жазылуына, өтіліп отырған ережеге аударады. Оқушылар тиісті дыбыстарды көрсетеді, ережесін айтып береді, олардың қателескен жері болса түзетеді.

2. **Іріктеу диктанты.** Мұның ескерту диктантынан айырмашылығы – балалар мұғалімнің айтқан сөздерінің барлығын жазып отырмайды, оның ішінен белгілі бір ережеге қажетті сөздерді немесе сөз тіркестерін іріктеп жазады. Диктанттың бұл түрінде уақыт үнемделеді, қажетті сөздер мен сөйлемдер көбірек жазылады, ең бастысы оқушылар мәтінді аса зейін қоя тыңдап отыруға мәжбүр болады.

3. **Түсіндіру диктанты.** Мұнда мәтін жазылып болғаннан кейін ғана талданады, қателері түзетіледі. Диктанттың бұл түрін жазуға кірісерде қажетті ережелер еске түсіріледі. Мұны ескерту диктантынан бақылау диктантына өткел ретінде жүргізілетін жұмыс деуге де болады.

4. **Творчестволық диктант.** Мұғалім тақтаға қажетті сөздерді жазады. Кейде сурет беріледі: балалар бір тақырыпта сөйлемдер құрайды. Шамамен қолданылатын ережелер беріледі (еске түсіріледі). Балалар сөйлемдегі сөздерді дұрыс тұлғада тұрғанын не тұрмағанын байқайды. Егер қажет болса өзгертеді. Жұмыстың бұл түрін таза диктант деуге болмайды, сөйлемді балалардың өздері құрастыратын болғандықтан, мұны шығарманың кіріспесі деуге болады. Творчестволық диктант балалардың тілін дамыту үшін де өте қолайлы, өйткені оқушылар мәтін құрауға белсенді қатысады, сөздерді де өздері ойлап табады.

**Жазуға қойылатын талаптар.** Бұл жұмыстардың мақсаты – балаларды көркем, анық, дұрыс жазуға үйрету. Ол үшін жазуға мынадай шарттар қойылады:

1. Әріптердің негізгі элементтерінің және сөз ішіндегі әріптердің бір-бірінен қашықтығы біркелкі болуы;

2. Әріптердің биіктігі біркелкі болып шығуы;

3. Әріптердің негізгі элементтерінің біркелкі келбетпен жазылуы;

5. Әріптердің кескіні қабылданған үлгіге сәйкес, дұрыс жазылуы;

6. Сөздерді жазғанда әріптердің дұрыс жалғастырылуы;

Жазуға үйретуде көзделетін тағы бір мақсат – балаларды шапшаң жазуға үйрету. Өйткені практикада шапшаң оқудың қандай маңызы бар болса, шапшаң жазудың да сондай маңызы болады. Оқушыны қатесіз жазуға үйрету үшін мұғалім олардың жіберген қателерін дер кезінде көріп, онымен нақты, тиянақты жұмыс істеуі тиіс. Дұрыс сауатты жазуға төселдіру үлкен шеберлікті қажет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Бозжанова. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру. Алматы, 1998.

2. Әміров Р. Бастауыш Мектепте қазақ тілін оқыту. Алматы, 1964.

3. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1975.

4. Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. Сауат ашу оқыту әдістемесі. Алматы «Атамұра» 2016.

**БАЛАНЫҢ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*А.Ф. Отаралина,  
№4 Алға ОМ мұғалімі*

**Б**алаға жазу жазғызуда қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстатуды үйрете отырып, баланың сөйлеуін дамытуға болады. Сурет бойынша сөйлем құрастыртып, ертегілерді немесе әңгімелерді оқып, кітаптағы суреттерге зейін қойып карауына аса мән беріп «Мына суретте не бейнеленген?» «Адамдардың аты кім?» «Олар не істеп жатыр?» т.б. сұрақтарды қою арқылы кітапқа қызығушылығын арттыруға болады. Ата-ана баласын санауға үйретуде «Үстелде неше кесе?» «Суретте неше доп?» «Киімде неше түйме?», - деген сияқты сұрақтар қою арқылы баланы санауға жаттықтыру қол моторикасын дамыта алады.


Мектепке баратын балалардың жазу-қозғалтқыш дағдыларын дамытуда балалардың каллиграфияға ғана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда бүкіл жазу үдерісіне әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту бойынша арнаулы жұмыс жүргізу қажет. Қолдың елті қозғалғыштығы жөніндегі жұмысты қол қозғалыстарын дамытудан бастаған жөн.

Қолдардың оқшауланған қозғалыстарына жаттықтыру үшін тапсырмалардың мынадай түрлері ұсынылады: бір парақ қағазды оны сол қолымен ұстай тұрып, оң қолдың алақанымен жазу және керісінше, жұдырық қыр алақанның жалғастылық қозғалыстарын орындай, білезіктерді кезектестіріп сілкі, оң және сол білезік жағдайларын кезектестіре алмастыру, жұму-ашу, алақанды жоғары-төмен аудару және т.б.

Жазу процесін түзету үшін саусақтың бұлшық ет қимылдарын дамытуда сурет, еңбек, жазу сабақтарында міндетті түрде арнайы жаттығулар өткізілуі қажет. Мектепке дейінгі балалардың қолдарының функциялық мүмкіндіктерін, нақтырақ айтқанда, қарапайым жазу-қозғалтқыштық дағдыларын дамыту үшін жазбаша жаттығуларды орындау кезінде мынадай технологиялар пайдаланылады: бояулармен бірлескен ойындар, үлкен қылқаламның, губканың, қолдардың көмегімен түрлі-түсті дақтар жасау, педагогпен бірге балаларды форма құрушы қозғалыстарға үйретуге бағытталған бірлескен іс-әрекеттер (Сокпақ жолдар», «Сәулелер», «Таспалар», «Шүйкелер», «Бұлттар» және т.б.), қозғалыстарды нақты өмірдің заттарымен, іс-әрекеттерімен және құбылыстарымен қауымдастыру (мыса-

лы: шатысқан жіптермен шиыршық түріндегі қозғалыстар, тәрелкедегі ботқаны араластырумен айналмалы қозғалыстар, толқын тәрізді қозғалыстар), дөңгелек формалы заттардың суретін салу (фломастермен, талшықты қарандашпен, таңбалаушымен) т.б. Тілінде кемшілігі бар балалар қозғалтқыштық дағдылардың дамуына қарай әртүрлі суреттерді, пиктограммалардың суретін салуға, ішкі және сыртқы трафереттердің көмегімен сөздерді жазуға көшеді. Бұдан кейін қарындаш пен қаламды дұрыс ұстау тәсіліне үйрету бойынша жұмыс жүргізіледі. Содан кейін барып кескіндеушілік жаттығулар орындатқан жөн. Бір парақ қағазда қарандашпен жолдың ішінде жол бастаған жерінен соңына дейін (жолдың ені 2,5-2-ден 1,5-1 см-ге дейін) олардың шетіне шығып кетпей, бүтін сызықтар, жоғарыдан төмен қарай белгілі бір нүктеге дейін, солдан оңға қарай түзу сызықтар, екі сынық сызықтардың арасынан сызықтар, толқынды сызықтар салдыру қажет. Оқушылар қарапайым лабиринттер бойынша бүтін сызықтар жүргізуге, геометриялық фигуралардың, таныс заттардың, жануарлардың және т.б. трафареттерін айналдыра сызуға үйретіледі. Балалардың жазу-қозғалтқыштық дағдыларын дамытудағы қорытынды кезең ірі торлары бар дәптермен таныстыру болып табылады. Жаттығуларды орындау барысында балалардың жазу дағдылары қалыптасады, есте сақтау қабілеті дамиды.

Сауат ашу мен жазу негіздері оқу іс-әрекетінде балалардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның бала бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, баланың партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруі шарт. Көркем жазуда балаға ғана түсіндіру, тапсырма беру көп қиындық тудырады. Бұған қоса, мұғалімнің жазу үлгілеріне жазып көрсетуі - қолтаңбаның дұрыс қалыптасуына әсерін тигізеді. Балалардың түсіне отырып жазуының маңызы зор. Мәселен, оқушылар көлбеу жазудың не үшін керектігін түсіне отырып жазса, өнімді еңбек болмақ. Көркем жазудан алған оқушылардың білімдерінің кейбіреуіне ереже ретінде қарау керек. Мысалы: оқушылар гигиеналық және әріп элементтеріне қойылатын талаптарды меңгеруі керек. Ережелер оқушыларға біртіндеп үйретіледі. Ең бірінші ереже – гигиеналық және әріптің солдан оңға қарай көлбеу жазылуы.



Екінші ереже – элемент, әріп, сөз арасындағы қашықтықтың сақталуы. Түсіне отырып жазу балалардың өзінің немесе өзгенің қатесін түзетуге үлесі зор. Әр әріп элементтерін жазып үйрену – оның неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерде қалай бағыттап жазуды меңгеруіне септігін тигізеді. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап, балаларды үзбей жазуға дағдыландыру қажет.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Л.Я.Желтовская, Е.Н.Соколова. Формирования каллиграфических навыков у младших школьников. Москва, 1987. 3-8 стр. Аударған: Г.Мырзадәулет.
2. Г.Граник, С.М.Бондаренко, А.Консева. Секреты орфографии. Москва, 1991. 18-23 стр. Аударған: Г.Мырзадәулет.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. – Астана. Сарыарқа. 2010. - 44 б.
4. Баймұратова Б.Б., Сәтімбекова М.С. т.б. Отбасында және балабақшада баланы мектепке дайындау бағдарламасы. Алматы. Шартапа. 2000 – 90 б.



## СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**В.О. Уалиева,**

**А.С. Мұхтарова,**

*Ақтөбе гуманитарлық колледжі,  
қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушылары*

**Х**ХІ ғасыр бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі бүгінгі күні өзекті мәселе. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, қазақ тілі де мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда, қазақ тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Қазақ тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан қазақ тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Студентті ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн? Сонымен қатар студенттер интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, студенттің оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде студенттерге шығармашылық жұмысты ұсынуға

болады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал ЖОО ұстаздарының бүгінгі заманға сай берілген білімдері осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген екен. Онда жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болуымыз қажет. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ағамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана



мақсатына жетеді. Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды дәріс бергенде жан-жақты қолдану, ұстаздың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Студенттердің сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Ұстаз дәрісханаға кіргеннен студенттермен диалогта болады. Студенттерге белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету – студенттерді қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

**1 кезең: диалогпен танысу;**

**2 кезең: диалогті жаттау;**

**3 кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;**


Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді. Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да студенттер белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Студенттердің сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Қазақ тілін

оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған студенттердің *сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет*. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Қазіргі кезде қазақ тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі арта түсуде. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды. Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды: Компьютер шексіз ақпарат әлемінде енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген студенттердің өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын студенттердің өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сарыбаев Ш.Ш. Жастардың сөздік қорын байытудың кейбір мәселелері. «10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития» атты халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2001. – 87-89 б.
2. Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Орал, 2000. – 267 б.
3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). А.: Елорда, 2001. – 230 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. А., 2003, – 408 б.
5. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 95 б.



## ҮЗДІК САБАҚ



### ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

**А.А. Бахитжан,**  
*Ақтөбе облысының тілдерді  
 дамыту басқарамасы  
 Тілдерді оқыту орталығының  
 мемлекеттік тіл оқытушысы*

*Тәуелсіздік тірегі – мемлекеттік тіл.  
 Анамыздың ақ сүтімен бойымызға  
 дарыған тілімізді ұмыту –  
 бүкіл ата-бабамызды,  
 тарихымызды ұмыту.*

*Б.Момышұлы*

**Т**іл - қай елде, қай ұлтта болса да, құдіретті, қастерлі қазына. Адамзатқа ананың ақ сүтімен дарыған мұра. Рухани көрсеткішіміз де, тіл болмақ. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Сан ғасырлық тарихы бар, тағылымды тәлімі бар, мұрамыз. Сонау заманнан бері өз болмысын жоймаған, ата-бабамыздан мұра болып жалғасқан, асыл қазынамыз. Еліміз егемендігін алып, көк туымыз көгімізде желбіреген сәттен-ақ, өз құдіреті бұрынғысынан да арта түскен, төл тіліміз.

Алайда, уақыт иіріміне қарай, тіліміздің шұбалаң күйге түсіп жатқаны да өтірік емес. Қоғамда шығармашыл тұлғалар азайып, шығармашыл әрекеттерге де мұқтаждығымыз әлсін-әлсін байқалуда. «Үш тілділік» бағдарламасымен оқыту арқылы өз ана тілімізді игеру де оқушыларға қиындық туғызатыны сөзсіз. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» демекші, ең әуелгі құндылық ол - өз ана тілімізден бастау алады.

Қоғам ахуалға байланысты жаңаша көзқарастар пайда болуының нәтижесінде адамзат шет тілдерін игеруге баса назар аударуда. Бірақ, ең бірінші кезекте, қазақ тілінің құндылығы жоғары.

*Туған елім – тірлігімнің айғағы,  
 Тілім барда айтылар сыр ойдағы,  
 Өссе тілім, менде бірге өсемін,*

*Өшіше тілім, мен де бірге өшемін!* – деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тілдің адамзат өміріне маңыздылығын қалай айтсақ та, оны жүреппен түсіне білуге жете қоймас. Ол бірліктің, ынтымақтастықтың кілті, достықтың бастауы, ырыс – берекенің әуелгісі, ұлттың тіршілігі.

И.Ленин: «Тіл – адам қатынасының аса

маңызды құралы» – дейді. Бұл дегеніміз – тіл болмаса, жер бетіндегі адамдар бірлесе жұмыс жасай алмас еді, тіптен бір-бірін түсінбей, ойындағы дүниесін өзгеге жеткізе алмас еді. Әсілінде, Жаратушының адам баласына осы бір сана сезім мен тіл құралын нәсіп етуінің өзі үлкен несібе.

Тіл – қоғамның жемісі, ал қоғам тілсіз әлбетте өмір сүре алмайтыны анық.

*«Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» дегендей, тіл ел мерейін өсіре де, өшіре де алады.. Тілдің бойында ұлттық болмысымыз, ұлттық рухымыз, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз қанымызбен сіңіп жатыр. Яғни, тіліміз өз құндылығын жойса, мемлекет өз алдына егемен бола алмасы анық. Бұған дәлел, халық арасында «Тілі өлген ел - тірі өлген ел» деген аталы сөзіміз еске түседі.*

Біздің ана тіліміз - әлемдегі өте мағыналы, тіркеске бай, сөйлеу мәнерімен ерекшеленетін, көркем тіл.

*«Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді» дегендей, біз осы қарым-қатынас құралымыз арқылы бірінің жанын жылулыққа толтырсақ, бірінің жанын сөз арқылы жаралап алуымыз әбден мүмкін. Демек, тіл құдіреті баршаға мәлім. Ерте де, ел азаматтары, халқымыздың ақын-жазушылары, жыраулар, билеріміз осы ана тіліміз арқылы ел тағдырын шешіп, дау дамайлардың алдын алған.*

*Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Ендеше, осы бір қазынаға толы әлеміміздің сақталуы, жандануы әлбетте өз қолымызда.*

Қорытындылай келе, елдің даму жағдайында, еліміздің еңсесі биік болуы үшін ең әуелі ұлттық мирас қоры, рухани қазынамыз – тілдің маңызы зор. Қанша тілді меңгерсең де, қанша мемлекет мәдениетін аңғарып, мол табысқа қол жеткізсең де, өзіңнің туған тіліңді құрметтеп, ұлттың мәңгілік байлығы – ана тіліміз бен халықтық қастерлі құндылықтарымызды мәңгі есте сақтауымыз керектігі әрбіріміздің жадымызда болуға тиісті.

Егемен елдің перзенті ретінде парасатты да, білімді, қабілетті, ізденімпаз, ұлтжанды, отансүйгіш жас өрен болып ел болашағын қалыптастырсақ, мемлекеттік тіліміз әркез тұғырлы болары анық.

Ана тіліміз ар-намысымыздың айғағы, оның шұбарлануы біз үшін сын. Қазақстанның әр аза-



маты туған тілімізге асқан жанашырлықпен қарауы керек. «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік,» – дегендей, өз туған тілін ұмытқан адам өз ұлтының өткені мен болашағынан қол үзеді.

Өзге елдің емес, өз еліміздің құндылығын сақтап, рухани қазынамызды жаңғыртып, тіл тұғырын ұлықтап, ел мерейін асырып, мәртебесін көтерейік!

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақиқат. 2013 жыл. №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
2. Ақиқат. 2011 жыл. №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес» Егемен Қазақстан
3. Нұртазин. Т Сөз құдіреті – Астана: Ер-діулет, 2007
4. Қанатты сөздер – ЛингваАрт 2006-2016. №6 Облыстық –Аймақтық үштілділікті дамыту бағдарламасы, Өскемен. 2015 ж



## Б.СОҚПАҚБАЕВ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»

А.А. Жалмұқанова,  
Теректі ОМ

Сабақ тақырыбы: <b>СЫНЫП:5</b> Күні:30.01.2019ж.	Қатысқандар: 4	Қатыспағандар:0
Сабақ негізделген оқу мақсаты	Т/Ж2 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	
Сабақ мақсаттары	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b>	
	Әдеби шығарманың тақырыбын анықтайды, талдайды, идеясын табады.	
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b>	
	Кейіпкер бейнесіне талдау жасайды	
Тілдік мақсат	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b>	
	Шығарма мазмұнына сай шығармашылық жұмыстар орындайды	
	<b>Оқушылар орындай алады:</b> тақырыбын анықтайды, идеясын табады, пікір білдіреді.	
	<b>Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология:</b> Қаламгер, кейіпкер, образ	
Бағалау критерийлері	<b>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Менің пікірімше, менің ойымша, себебі...	
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> Қожа неге өзіне кеңес өткізді?	
	1) Әлеуметтік мәселені анықтау, идеясын табу; 2) Кейіпкерлер бейнесіне талдау жасау; 3) Шығармашылық жұмыстар орындау.	
Құндылыққа баулу	Адамгершілікке, жауапкершілікке баулу	
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі	
Алдыңғы оқу: сұрақ-жауап		
<b>Жоспар</b>		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы 10 мин	1) Ұйымдастыру 2) <b>Тренинг:</b> «Есімдер» Мен Көпшіл Камиламын (өз есімдерінің бірінші әріпінен теңеу айту арқылы өздерін таныстырады) 3) <b>Үй тапсырмасын сұрау:</b> 1) «сұрақ-жауап» 2) « <b>Шынжыр</b> » әдісі («егіннің бастары» өлеңін сұрау) 4) Видеоүзінді көрсету (бүгінгі сабақ тақырыбын болжайды) Миға шабуыл: 1) Видеодан не көрдік?	АКТ, кеспе қағаз



	<p>2) Бұл қай туынды?                  3) Шығарманың авторы кім?                  4) Шығарманың басты кейіпкері кім?                  5) Қожаның жағымды және жағымсыз жақтары қандай?</p>	
<p><b>Ортасы</b>  <b>25 мин</b></p>	<p>Оқушыларды стикер түстері арқылы жұптастырамыз  <b>Тапсырма:№1</b> Оқылым мәтінімен танысып, постер қорғау.                  Шығарманың идеясы мен тақырыбын анықтау (жұптық жұмыс)  <b>Дескрипторы:</b>                  - өзара жұптасады;                  -әр жұп өз мәліметімен танысып, постер құрастырады, қорғайды;                  3) шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды;                  4) әр жұп бір-біріне пікір білдіреді.  <b>Кері байланыс: «Мадақтау сэндвичі»</b>                  1) Позитивті коментари, не ұнады...                  2) Сындрлы сын, не нәрсені жақсарту керек...                  3) Келешекке арналған коментарий, бізге ұнады, бірақ келесі жолы...  <b>Қалыптастырушы бағалау: «бағдаршам»</b>  <b>Қызыл-орташа, жасыл-өте жақсы, сары-жақсы</b>  <b>Тапсырма.№2</b> (Жеке жұмыс)  <b>«Кубизм стратегиясы»</b>                  А) Суреттеңіз. Қожа қандай бала?                  Ә) Салыстырыңыз. Қожа мен Жантасқа салыстыра отырып, мінездеме беріңіз.                  Б) Зерттеңіз. Қазақ тілі мен әдебиет сабағының мұғалімі Сәбира Майқанова апай қандай адам?                  В) Болжаңыз. Повесті сіз қалай аяқтар едіңіз?                  Г) Қолданыңыз Мектепте Қожаға ұқсатар оқушың барма? Бей-несін көрсет.                  Ғ) Талдаңыз. Неліктен жазушы аты тез танымал болды?  <b>Дескриптор:</b>                  1) жеке жұмыс жасайды;                  2) кубик лақтыру арқылы тапсырма таңдайды;                  3) берілген тапсырманы ауызша орындайды;                  4) оқушылар бір-бірінің жауаптарын бағалайды.  <b>Қалыптастырушы бағалау: (жеке бағалау) «Көңіл-Күй Букеті»</b>                  Жасыл гүл- жетістік, қызыл гүл- көмек қажет, сары гүл-ұсыныс  <b>Тапсырма.№3</b> Авторға хат жаз/ Жеке жұмыс  <b>«РАФТ» әдісі</b>                  Р- оқырман                  А-сынып                  Ф- хат                  Т- Мен үшін шығарманың маңыздылығы  <b>Дескрипторы:</b>                  - өзіндік пікірлерін білдіреді                  - өмірмен байланыстырады                  - шығармашылық жұмыс жазып, оқиды                  - оқушылар бір-бірінің жұмысына баға береді.  <b>Қалыптастырушы бағалау:</b>  <b>«Ең құнды пікір»</b>                  Жеткілікті, талпын, жарайсың</p>	<p>Плакат, маркер,</p>  
<p><b>Соңы</b>  <b>5 мин</b></p>	<p>Рефлексия  <b>Үш сөйлем стратегиясы</b>                  1-сөйлем – жетістік                  2-сөйлем – кедергі                  3-сөйлем – қорытынды ой  <b>Үйге тапсырма:</b> Қаламгер туралы қызықты материалдар іздеу.  <b>Бағалау: Бағдаршам</b></p>	<p>Стикер,</p> 



**ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

*А.Б. Таджибаева,  
№4 Алға ОМ қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі*

**Ұ**лттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы-адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармай, қайта олармен үндесіп, жымындасып жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, нәтижесінде толық адам дәрежесіне жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Тәрбиенің негізі замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар екені баршамызға аян. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидаларды құрайды. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде, білім мен тәрбие беруде әсіресе, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, мемлекеттік тілге деген жоғары патриоттық сезімін қалыптастыру – педагогтардың басты міндеті. Оқушыларға ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде білім мен тәрбиені қатар беріп, зерттеп келеміз. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады.

Адам баласының әрбіреуінің өмір жолы әртүрлі. Сол тәрізді кез келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің де өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің өмірден өткен ата-бабасының жалғасы екенін ұмытпай, өз дәуірінің дамуы үшін үлес қосқаны абзал. Осы мақсатта оқушыларды игі істерге тартуымыз қажет. Біз сапалы білім мен саналы тәрбие беруді ұлттық тәрбиеден қарастыруды тиімді әдіс деп санаймыз. Бүгінгі таңда кейбір жас отбасылар тәрбиелеу процесін батыс еуропа мен американдық үлгіде қабылдап жатқанға

ұқсайды. Осыны ескере келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне де жете назар аударуға басымдылық танытқан дұрыс деп ойлаймын.

Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан ұлттық тәрбие негізінде оқушылардың бойына ұлттық сезімді қалыптастыру басты міндет болып табылады. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің шынайылығын алға тарта отырып, тәрбиені білімге егіз бауырдай ұштауымыз керек. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі кейін мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда. Егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі мен ұлттық





тәрбиесі айқын көрінуге тиіс. Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы – қоғам игілігі үшін маңызды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, әлемнің дамыған елу мемлекеттерінің алғы көшінен көрінуге бағытталған ұлы мұратының бірі – сапалы білім мен саналы тәрбиені бойына жиған дарынды тұлғаның қалыптасуы екені анық. Өскелең ұрпақтың өзінің туған Отанына деген шынайы сезімі, ұлттық мақтанышы, азаматтық жауапкершілігінің оянуы – ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асары анық.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мемлекетінің идеологиясында жастарға патриоттық тәрбие беру //Білім саласындағы инновациялық технологиялар. Қазіргі кездегі дамуы және келешегі: Республикалық ғылыми-методикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2005. - Б.226-229.
2. Қазақ этнопедагогика құндылықтарын патриоттық тәрбиеге қолдану. //Экологияның өзекті мәселелері: III халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Т.2. - Қарағанды: ҚарМУ, 2004. - Б.234-235
3. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мәселелері //Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2004. - №4(36). - Б.160-163.



## ОТБАСЫ (ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ)



**А.Ә. Туленбергенова,**  
Қызылорда облысының  
қоғамдық даму  
басқармасының  
Қызылорда облысының  
тілдерді оқыту орталығы"  
КММ Жаңақорған ауданы  
бойынша мемлекеттік тіл  
оқытушысы

### Ұйымдастыру кезеңі:

- а) дәрісхананы сабаққа дайындау;
- ә) тіл үйренушілердің назарын сабаққа аудару.

### Миға шабуыл әдісі

**Тақырыпқа кіріспе** (Отбасы мүшелерінің суреттерін интербелсенді тақтадан көрсету)

**1-қадам** - суретті көреді

**2 қадам** - отбасы туралы түсінік береді

**3-қадам** – отбасы туралы мақал-мәтелдер айтады

### Сабақтың тақырыбы: Отбасы. (Тәуелдік жалғау)

**Сабақтың мақсаты:** Тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу, сөз саптау, сауатты жазу деңгейлерін дамыту. Өз бетінше жұмыс жасату арқылы игерген мәліметтерді қайтарып алу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгіме, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, талдау.

**Сабақтың көрнекілігі:** слайд, бейнероликтер, әдістемелік құралдар, сөздіктер.

**САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:**



### ЖАҢА СӨЗДЕР

**1-тапсырма.** Тындаңыз, қайталаңыз, есте сақтаңыз.

- Ата – дедушка
- Апа, әже – бабушка
- Әке – отец
- Ана – мать
- Аға – старший брат
- Әпке – старшая сестра
- Сіңлі – младшая сестра (для женщин)
- Қарындас – младшая сестра (для мужчин)
- Іні – младший брат
- Бала – ребенок
- Ұл – сын, мальчик
- Қыз – дочь, девочка

- отбасылы – семейный
- отбасылық жағдай – семейное положение
- ересек – взрослый
- жігіт – молодой человек (парень, юноша)
- ағайынды – братья
- үйленген – женат
- тұрмыста – замужем
- тұрмыс құрмаған – не замужем
- үйленбеген – не женат
- ажырасқан – разведен (разведена)



**2-тапсырма:** Суретке қарап, отбасы мүшелерін жазыңыз.



1. ....
2. ....
3. ....
4. ....
5. ....
6. ....
7. ....
8. ....

### АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** «Бақытты отбасы» атты бейнежазбаны қараңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

<https://youtu.be/gHLV3QpKMwU>

1. Төрге кім отырады?
2. Ас ішерде отбасы мүшелері қайда жиналады?
3. Ас ішердің алдында не істейді?
4. «Ас болсын» деп қашан айтады?
5. Отбасы дегеніміз не?

**4-тапсырма.** Мағыналас сөзге тиісті жалғауды жалғап, сөйлем жазыңыз.

іні	кенже ұл	есім	отау иесі	бауыр	ата-ана
-----	----------	------	-----------	-------	---------

1. Менің бауырым бар. Менің інім бар.
2. Сіздің әке-шешеніз неше жаста?
3. Менің атым – Ақбота.
4. Оның ең кіші баласы мұнайшы.
5. Ол ағасын, қарындасын жақсы көреді.
6. Темірлан – Асқардың үлкен ұлы.

### ГРАММАТИКА

**5-тапсырма.** Ережемен танысыңыз.

#### ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

Менің\Біздің	-ым, -ім, -м	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз
Сенің\Сендердің	-ың, -ің, -ң	-ларың, -лерің,
Сіздің\Сіздердің	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	-ларыңыз, -леріңіз
Оның\Олардың	-сы, -сі, -ы, -і	-сы, -сі, -ы, -і

Тәуелдік жалғау, әдетте, бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретін қосымша.

Негізінде зат есімге тән қосымша бола тұрса да, зат есім қызметін атқаратын, демек, субстантивтенетін (заттанатын) сөздердің барлығына да жалғана береді. Мысалы: *әкем, дәптерім* деген сөздер зат болса.

*Түйенің үлкені өткелде таяқ жейді* (мақал) деген сөйлемдегі *үлкені* сын есімі субстантивтеніп тұр. *Ердің екі сөйлегені – өлгені; еменнің иілгені – сынғаны* (мақал) дегендегі *сөйлегені, өлгені, иілгені, сынғаны* деген сөздер – зат есім орнына қолданылып тұрған есімше формалар

Дос.....	Немере.....
Кітап.....	Жиен.....
Қалам.....	Дәптер.....

**6-тапсырма.** Төменде берілген сөздерге тәуелдік жалғауын жалғаңыз.

### ОҚЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқыңыз.

Бақытты баланың әңгімесі:

- Ата! Мен бақытты баламын. Себебі, менің туған жерім, отаным – Кең байтақ Қазақстаным бар. Дархан жүректі халқым бар. Елімді басқарып отырған, бар қазақ баласының мақтанышы болған, үлгі етер президентіміз бар. Мен – бақытты боламын! Білімнің кәусар бұлағын сіңірген алтын ұям – мектебім бар. Мен осындай қоғамда туғанымды мақтан тұтамын. Мен үнемі достарыммен, ұстаздарыммен достық қарым-қатынастамын. Мен – бақытты баламын. Менің өзімнің шағын әлемім – отбасым бар. Менің аялаған анам, әлпештеген әкем бар, еркелеткен бауырларым қаншама. Бұл нағыз бақыт емес пе?

**8-тапсырма.** Мәтінен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып жазыңыз.

**Сергіту сәті.**


«Жалғасын тап» ойыны

1. Ағасы бардың ... (жағасы бар)
- Інісі бардың ... (тынысы бар).
2. Әкеге қарап ... (ұл өсер)
- Анаға қарап ... (қыз өсер)
3. Әке – асқар ... (тау)
- Ана – ағып жатқан ... (бұлақ)
- Бала – жағасындағы ... (құрақ)
4. Ананың сүті ... (бал)
- Баланың тілі ... (бал)

### ТЫҢДАЛЫМ

**9 -тапсырма.** Өлеңді тыңдаңыз. «Қара шаңырақ». Телехикая (Саундтрек)  
<https://yandex.kz/video/preview/7234777553269556216>

**10- тапсырма.** Өлең жолдары жазылған қима қағаздарды алып, өлеңді ретімен құрастырып жазыңыз.



## СӨЙЛЕСІМ

«Тыншы» ойыны арқылы тыңдаушылар өздері жайында ақпараттар алады.

1. Аты-жөні кім?
2. Туған жері?
3. Қайда тұрады?
4. Жасы нешеде?
5. Ұлты кім?
6. Қайда жұмыс істейді?
7. Отбасында неше адам бар?

8. Олар кімдер?

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Бақытты отбасы үлгісі» атты бейнежазбаны қараңыз. Шағын мәтін жазыңыз. <https://youtu.be/pjHmgyDGLX8>

## ҚОРЫТЫНДЫ

### Сабақты бекіту

Тыңдаушылар сабақ жөнінде бір ауыз сөзбен өз пікірлерін жеткізеді, түсінбеген тұстарын сұрайды.



## МҰХТАР ӘУЕЗОВ – КӨРКЕМ ОЙДЫҢ АЛЫБЫ

*А.М. Арыкова,*

*№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**М**ұхтар атамизды әлемге әйгілі еткен – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Ол өзінің бір сөзінде: «Мен Абайдың шығармаларын сүйемін, дарынына тәнтімін, толықтай зерттегім келеді», - деген болатын. Сол сөзіне дәлел ретінде 10 жасынан бастап Абай атамизға деген қызығушылығын нәтиже жүзінде көрсетуді бастайды. Сан жылдық ізденістің арқасында 1942 жылы «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші томы жарық көреді. Араға 5 жыл уақыт салып жалғасын жазып бітіреді. Қосымша 2 кітап қосып, толықтай 4 томды әлемдік оқырмандарға арнайды. Мойындау керек, Әуезовты танымал еткен шығарма – осы роман-эпопея. Бұл шығармасын оқу барысында Құнанбайдың образының берілуі үлкен әсер етті. Барлық адамға бірдей қарап, өзінің қабілетін баласына дарыта білген жоқ па еді?!

Сонымен қатар, «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін оқу арқылы адамдардың қаншалықты қатігез екендігін ұғынуға болады. Қазақтан шыққан қарапайым жетім қыз Ғазизаның тағдыры барлық жанды елжірететіні анық. Сол кездегі қысқы табиғат, боранды түн, пейзаждың әдемі жеткізілгені соншалық, өз басыңнан өткізгендей күй кешесің. Пана іздеген қаршадай жетім қыздың тағдыры ақыры алысқа бармай өліммен аяқталады. Меніңше, бұл шығарма өмірде өзіңе өзіңнен артық қамқоршы жоғын жеткізгісі келетін секілді. Шынында, жазушы әлсіздердің жайына баса көңіл бөліп отыр. Солай болғанның өзінде, Ғазизаны өлімге қия алмайсыз. Ары таза адамның «мұндай қорлық көріп, тірі жүргенше, өлгенім артық» дейтін қатаң да болса, қайта ойланбас шешімі болатыны да белгілі. Бұл шығарманы тебіренбей оқу мүмкін емес. Осы орайда, бүгінгі қоғамда Ғазизаның тағдырын кешіп қаракөздеріміз жапа шекпесе екен деген үлкен перзенттік тілек еріксіз келеді.

М.Әуезов шығармашылығы – ХХ ғасырдың әсемдігімен, ғажайып әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды.



## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

*А.М. Ибраймова,*

*№4 Алға ОМ мұғалімі*

**Ө**з Отанын, елін, жерін сүйетін нағыз азамат тәрбиелеуде ата-ана мен ұстаздың рөлі ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын ізгілік, адамгершілік, үлкенді құрметтеу, ұяндық сияқты

халқымыздың асыл қасиеттері ерте заманнан бері ананың сүтімен бойымызға сіңіп келеді. Балаға айналғандағы өмір шындығы ауадай қажет. Әрбір ұстаз шәкірттеріне ең алдымен өз ұлтының әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен тілін, тарихы мен өнерін тереңірек насихаттауы тиіс.

Ата-ананың өзара тату-тәтті сыйластығы, мейірбандық пен ыстық ықыласы, сөйлеген



сөздері бәрі-бәрі балаға ерекше әсер етеді. Отбасындағы ұрыс-керіс, орынсыз жанжал, балағат сөздер баланы жаман әдетке тәрбиелейді. Ата-ананың оғаш мінезі балалардың дәрежі, қатыгез, өзімшіл болып өсуіне әсер етеді.

Еліміздің болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Бұл саладағы бар күш-жігерімізді оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуге бағыттауымыз керек. Балаға «Отан», «Туған жер» деген қасиетті ұғымдарды тілі шыққан кезден бастап, құлағына сіңіре беру – нәтижелі тәрбиенің көзі. Тарихымызға көз жүгіртетін болсақ, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған. Олардың алдына асқарлы мақсат қойып, келелі міндеттер жүктеген. «Болашақ ел қамқоры», «Отан қорғаушысы», «Шаңырақ иесі» деген тамыры тереңде жатқан ұғымдарды балаға насихаттау барысында өз бетінше еңбектенуге баулыған. Ал Отанды сүю туралы халық ауыз әдебиетінде, ақын-жыраулардың шығармаларында, халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығармалары, бейнелеу өнері, қол өнері туындыларында тәрбиелік мазмұнда көрініс тапқан.

Халқымыздың ежелден берік ұстаған әдеп-салтының бірі – адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар, екі жақты сыйластық. Сол себепті жас үлкенді сыйлап, атын атамай оларды: «Ата, әже, апа, аға, тәте, көке, әпке, жеңге» – десе, жасы кішілерді үлкендер өз тарапынан: «Інішек, қарындас, шырағым, бауырым т.б.», – деп құрметтеген. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапқан бұл өнегелі әдепті қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінен, бүгінгі таңдағы шығармаларынан көптеп кездестіреміз. Мысалы: «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет», «Әдепті бала өсірсен, елдің абыройы» т.б. Сондай-ақ, сырттан жасы үлкен адам кіргенде, тұрып сә-

лем беру, орнынан тұруға көмектесу, шығарып салу – жас балаға тән іс-әрекет.

Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық. Тәлімі мол тәрбиені ұйымдастыратын басты тұлғалардың бірі – мектептегі сынып жетекшісі. Ол оқушылардың таным әрекетін ұйымдастырып, олардың әлеуметтену процесін қалыптастырады.

В.А. Сухомлинскийдің тілімен айтқанда: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін». Себебі жанұя мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын бірігіп анықтайды және құрады. Сондықтан да педагогикалық әрекетте сынып жетекшісінің бала тәрбиесіндегі міндеттерінің, көлемінің сан алуандығына байланысты ата-аналармен бірлескен жұмыстың маңызы ерекше. Соған қарамастан бүгінде мектептің ата-аналармен жұмысының кейбір дәстүрлі түрлері өзінің маңызын жасады: ата-аналар жиналысы, ата-аналардың ашық күні, ата-аналардың жұмыс орындарымен байланыс, баланың отбасында болу т.б.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер нені айтса, соны айтатынын, не істесе, соны істегісі келетін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені. Демек, жақсылыққа ұмытылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер, берер тәлімі мол болмақ.

#### Пайдаланған әдебиеттер:


1. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. – Алматы, 2006. – № 2. – 24-б.
2. Ахметова М.Т. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. – Алматы, – № 2. – 18-б.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы // Бастауыш мектепте оқыту. – 2007. – №
4. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. – 2008. – № 47. – 38-43-б.






## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ЕКІНШІ ҚАБАТТА



*А.С. Бегманова,  
Мәртөк ауданы,  
Байторысай ОМ*

Пән: Қазақ тілі Т2	Бөлім: II Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала
Сынып:	5
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	5.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау



<b>Сабақтың мақсаты :</b>		<b>Барлық оқушылар:</b> Тірек сөздер арқылы тақырыпты анықтайды.		
Тілдік мақсаттар		Кабинет, парта, тақта, жарық, кең, үстел		
<b>Сабақтың барысы</b>				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	<b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b> Белгілі- известный Ақын- поэт Жазушы-писатель перде -шторы көрме -выставка кемеңгер-мудрый Жаңа сөздермен танысу «Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру	<b>Оқушылар жаңа сөздермен танысады</b>  Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі.	<i>Қолташтау</i>  «Бас бармақ» 	<b>Смайликтер</b>
<b>Сабақтың ортасы (6-37 минут)</b>	Айтылым. 1- тапсырма Сөйлемдерді аяқта 1.Қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінде... 2 Математика кабинетінде... 3 Орыс тілі мен әдебиеті кабинетінде... 4 Информатика кабинетінде... 5 Тарих кабинетінде...  Жазылым. 2 -тапсырма Сурет бойынша сөз тіркестерін құра Осы сөз тіркестерін пайдаланып, шағын мәтін құра .....кабинет, парта....., .....гүл, ..... жихаз, .....тақта, ..... үстел  Тілдік бағдар Сын есімнің мағыналық түрлері дегеніміз не?  Тыңдалым. Оқылым 3-тапсырма Мәтінді тыңда. Оқы.  Айтылым 4- тапсырма Мәтінді пайдаланып, диалогті толықтырыңдар.  Сергіту сәті	Айтылым  Сөйлемдерді аяқтайды.  Жазылым. Сөз тіркестерін пайдаланып, мәтін құрайды.  Тірек сөздер арқылы тақырыпты анықтайды.  Сұрақтарға ережеге сүйене отырып жауап береді.  Мәтінді қатесіз оқиды, мәтінмен жұмыс жасайды. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініп оқиды.	Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!   Дескриптор: - сұрақтарға жауап береді; -тірек сөздерді пайдаланады;  Өзара бағалау: «Өте жақсы», «Жақсы», «Талпын»	Оқулық 30 бет  слайд  Слайд, сурет Оқулық 30 бет  Сурет, кесте



	Жазылым 7- тапсырма Мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті кабинетін сипаттап, диаграмманы толтыр.	Мәтінді пайдалану арқылы берілген диалогті толықтырады.  <i>Сергіту сәтін орындайды.</i>  <i>Диаграмма толтырады.</i>	«Бас бармақ» 	Оқулық 31, 32 беттер
<b>Сабақтың соңы</b> 3 минут	<b>Үй тапсырмасын беру: 32 б, 9 тапсырма</b>			
	<b>Кері байланыс</b> «Бағдаршам» әдісі <b>Қызыл</b> - мүлдем түсінбедім <b>Сары</b> - жартылай түсіндім <b>Жасыл</b> - толық түсінікті	Оқушылар сабақта алған білімдерін бағдаршамның түстері арқылы түсінгенін білдіреді		
<b>Бағалау</b>	Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.			



## МЕКТЕПТЕ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

**Г.А. Наурызалина,**  
№4 Алға ОМ қазақ тілі  
мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Ата-анамен жұмыс - бұл өте үлкен жұмыс.  
Мұнда ата-ананың өзіндік білімін көтеруге  
жағдай жасап, мектеп өміріне араластыру керек.  
Сонымен қатар баланы қалай тәрбиелеу керектігін  
білмейтін ата-аналарға көмек көрсету керек» ...  
Н.Крупская

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі атқарар рөлі зор. Отбасы тәрбиесін табысты жүзеге асыру балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Қазіргі уақытта отбасы тәрбиесін тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілігін арттыру қажет. Бұл жұмысты отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы ынтымақтастық арқылы жүзеге асыру мақсаты көзделеді. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халқымыздың қасиетті сөзінен отбасының бала тәрбиесіндегі орны ерекше екенін көруге болады. Отбасынан бастау алған бала тәрбиесі, балабақша, одан мектеп тәрбиесіне ұласады. Баланың сәби кезіндегі аса жауапты тіршілік әрекеттері, отырып- тұрудан бастап, тамақ ішу, тазалық сақтау, бір-біріне қайырымдылық жасау, тіл үйрену, айналаны танып-білу және оқып-зерттеу мектептегі тәлім-тәрбиеден бастау

алатыны даусыз. Осы заманғы балабақша, мектеп тәрбиесі бұрын-соңды болмаған отбасы қолдауын қажет етеді. Сондықтан бала тәрбиесін дұрыс жолға қою үшін мұғалім мен ата-аналар барлық уақытта өзара ынтымақтастықта болуы керек. Отбасы әлеуметтік институт тәрізді, интеллектуалды толыққанды, құлықты және дені сау жас ұрпақты қалыптастырушы орта екені сөзсіз.

Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға, ата-аналарға және сынып жиналыстарына ата-аналарды тартудың қажеттілігі:

Балаларда іс-әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады;

Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;

Ересектер мұғалімнің жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі. Әрбір отбасының мықты жақтары болады, әр адам жақсы ата-ана болғысы келеді, барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады.

Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың мынадай негізгі бағыттарын атап көрсетуге болады:

- ата-аналардың педагогикалық, психологиялық сауаттылықтарын жетілдіру және оқыту бағдарламасын меңгерту;
- білімдік қызмет көрсетудегі ата-аналардың қажеттілігін зерттеу;



• ата-ананың педагогикалық және құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында ағарту жұмыстарын жүргізу;

Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы болғандықтан, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын екені анық.

Қорыта айтқанда, отбасында барлығы жақсы болған жағдайда ғана балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық

ынтымақтастық – баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады. Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалына ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс. Сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмабаев М. Педагогика. 1992 ж.
2. Крупская Н.К. Мектепке дейінгі тәрбие туралы. - Алматы . «Мектеп». 1988 ж.



**АСҚАР АЛТАЙ «ПРОПИСКА» ӘНГІМЕСІ**



*Г. Әдетхан,  
№4 Алға ОМ*

<b>Бөлім</b>	<b>4-бөлім. Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым</b>
<b>Күні:</b>	21.09.2022ж
<b>Сынып:</b>	<b>6 «А»</b>
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	6. А/И4 - әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу. Т/Ж.6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетін анықтау;
<b>Сабақ мақсаты</b>	Кейіпкерлерін атай алады, әңгіме үзінділерін мәнерлеп оқи алады, кейіпкерлер бейнесін сипаттай алады, әңгімедегі табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады.

**Сабақтың барысы**



Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1. Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау, назарларын сабаққа аудару.		ҚБ	Слайд
	2. Оқушыларды слайдта көрсетілген әртүрлі түстерге қарай топқа бөлінеді. 3. Сабақтың мақсаты мен критерийлерін таныстыру. <b>Үй тапсырмасын «Сұрақты қағып ал» әдісі</b> арқылы пысықтаймын. 1. Басты кейіпкердің өмірінде қандай оқиға болып өтті? Архат қайда, не үшін кетіп барады? 2. Автобуста отырған адамдар кімдер? Оларды автор қалай суреттейді? 3. Архат неге пропискаға отыра алмады? Алтай табиғатының қатал мінезін автор қандай сөздермен берген? 4. Қалай ойлайсындар, Архат өз мақсатына жете ала ма? 5. Не себепті автор автобустан шығып кеткен үш жігітті әңгіменің соңында есіне алды? 6. Әңгімені басқаша қалай атауға болады?	Оқушылар слайдта көрсетілген әртүрлі түстерге қарай топқа бөлінеді.  Оқушыларға сабақтың мақсаты мен критерийлерін таныстырылады.	«Сұрақты қағып ал» әдісі	Слайд



<p>Сабактын ортасы</p> <p>30 мин</p>	<p>Шығарманың композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Әңгіменің тақырыбы - «Прописка» әңгімесі</li> <li>2.Әңгіменің авторы - Асқар Алтай</li> <li>3.Жанр түрі - әңгіме</li> <li>4.Әңгімедегі кейіпкерлер -Архат, Ауылсоветі Қақатаев, Подполковник</li> <li>5.Жазушы идеясы - Автор әңгімеде 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын, оның зардаптарын сипаттап, өзінің басына түскен қиындықтарды баяндайды.</li> <li>6. Оқиғаның басталуы - Архаттың жолға шығуы</li> <li>7. Оқиғаның байланысы - Боранның басталуы</li> <li>8.Оқиғаның дамуы - Жаяу кеткен үш жолаушы</li> <li>9. Шарықтау шегі - Ертістен өте алмаған автобус</li> <li>10. Шешімі-Самарға кері қайтқан Архат</li> </ol> <p><b>Мағынаны тану кезеңі</b></p> <p><b>1-тапсырма.</b> «Пирамидалық талқылау» әдісі бойынша негізгі кейіпкердің бейнесін ашу мақсатында оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Негізгі кейіпкер,тақырып.</li> <li>2.Тақырыпты ашу (жасы, мінезі, сапасы, сырт тұлғасы)</li> <li>3.Оқиға орны (қоғамдық ортасы, оқиғалар қайда өтеді?)</li> <li>4.Мәселе тарихы (мысалы: қаржы, жокшылық, кездейсоқтық)</li> </ol> <p><b>2-тапсырма.</b> «Тізбектеу» әдісі бойынша «Прописка» әңгімесінің оқиға тізбегін құрады.</p> <p style="text-align: center;">             Үш жолаушы автобустан шығып,              боранды күні жолға шығуы              ↓              Автобустың бұзылуы              ↓              1979 жылы Алматыға көшкенін есіне алуы              ↓              Архаттың жолға шығуы              ↓              Желтоқсан оқиғасы есіне түсуі              ↓              Подполковниктің Архатта прописканың жоктығына шүйлігуі есіне түсуі              ↓              Архаттың әсердегі кезі есіне түсуі              ↓              Жетісу ауылының ауылсоветі Қақатаевпен сөйлесуі              ↓              Автобус жүргізушісінің автобустан шығып кеткен үш жігіт жайлы тиісті органдарға хабарлауы              ↓              Жолаушылар мінген автобус Самарға кері қайтуы         </p> <p><b>3-тапсырма.</b> «Суреттеу» әдісі бойынша берілген суреттердің «Прописка» әңгімесіндегі оқиға желісіне қандай байланысы бар екендігін анықтайды.Кітаптан авторының қай тұста табиғат көрінісін ерекше суреттеп жеткізгенің табады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div>	<p>Оқушылар Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесінің композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау жасайды.</p> <p>Оқушылардың жауабы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Асхат</li> <li>2.Бірбеткей, ұлтжанды</li> <li>3.Алматыда, желтоқсан оқиғасы, Алтайдың ауа райы</li> <li>4. Қала тәртібі, пропискаға тұра алмау, құқықтың бұзылуы, билік басындағылар</li> </ol> <p>Оқушылар, <b>learningapps</b> бағдарламасы бойынша Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесіндегі оқиғалар тізбегін бірлесіп құрайды.</p> <p>Оқушылар, «Прописка» әңгімесі бойынша берілген суреттерді қарай отырып оқиға желісін анықтайды.</p>	<p>Оқушыларды балдық жүйемен бағалаймын</p> <p>ҚБ. «Бас бармақ» әдісі</p> <p>ҚБ. «Смайлик» арқылы бағалау</p> <p>ҚБ</p>	<p>Слайд, электронды оқулық</p> <p>Слайд</p> <p><a href="https://learningapps.org/">https://learningapps.org/</a></p>
--------------------------------------	--	---	---	---





Тәрбиеші: жарайсыңдар, бүгін аптаның нешінші күні?

Балалар:

Тәрбиеші: ендеше апта күндері туралы тақпақ айта отырып денемізді сергітіп алайық.

Дүйсінбиде доп ойнадық далада,  
Сейсенбиде серуен құрдық қалада.  
Сәрсенбиде сурет салдық сәнді етіп,  
Бейсенбиде би биледік әндетіп,  
Жұма күні жидек тердік қыраттан.  
Сенбі күні кино көрдік клубтан,  
Жексенбиде бір жиналып дем алдық  
Осылайша өте шықты бір апта.

Тәрбиеші: балалар, бүгін бізде «Білгіштер мен тапқырлар» атты топ аралық ойын оқу қызметі өтеді. Бұл оқу қызметінде әр топ білімін, тапқырлығымен, шапшаңдығын ортаға салады, қай топ берілген тапсырмаларды тез, әрі дұрыс орындаса жеңіске жетеді. Әр топтан бір бала келіп төс белгілерін алысын. (Әр топ келіп, өз белгісін алады. «Күндер», «Жұлдыздар» тобы)

Ойнымызды бастамас бұрын, келісіп алайық сендердің тапсырманы дұрыс орындағандарыңыз үшін жұлдызшалар беріледі, оқу қызметі соңында жұлдызшаларды санаймыз, кімде көп, сол топ жеңімпаз болады.

Тәрбиеші: балалар міне, керемет сандар не байқап тұрсыңдар? Мынау не?

- Қызыл, сары, көк, шарларымыз көп тіпті. Қане, қайсысын таңдайсың?

- Балалар шарлардың түсі қандай?

- Қызыл, сары, көк, жасыл, қызғылт сары.

- Жарайсыңдар, байқадыңдар ма бұл шарлар, сиқырлы шарлар:

- Балалар шарлар қай жерде тұр?

- Жоғарыда.

- Біз шарларды алуымыз үшін алдымен тапсырмаларды орындауымыз керек. Күніміз әрқашан көңілді болсын, деп біз сары шардан бастаймыз. Сары шарымызда тапсырма қанда? Геометриялық пішінде жазылған екен?

- Шеңбер пішінінде жазылған.

- Сайыс, басталмас бұрын екі команда өздерінің девиздерін айтып кетсін.

1. Дайын біздің команда  
Шығыңдар, кәне жарысқа  
Кімдер епті, кім күшті?

Озып шығар сайыста.

2. Жақсы білім алайық,

Болыс бізге халайық.

Не үйрендік, не білдік?

Кәне, ортаға салайық.

### 1. Сары шардың тапсырмасы

1. «Кім жауабын тез табады?»

Мақсаты: берілген сұрақтарға, толық, дұрыс жауаптар қайтару, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

- Көктемде алғаш шығатын гүлді ата.

- Құста қанат бар, ал адамда не бар?

- Бағдаршамның қай көзі жанғанда жолдан өтуге болады?

- ҚР-ның рәміздерін атаңдар. (Ту, Елтаңба, Әнұран)

- Ең биік аң.

- Жеті қазынаны ата.

2. Танграмма әдісі бойынша «Пішіндерді құрастыр»



Максаты: берілген қиындықтардан бейнені рет-ретімен құрастыра білуге және шапшаңдыққа үйрету.

3. Кеңістікті бағдарлау.

Максаты: түрлі-түсті картонның бетіне геометриялық пішіндерді орналастыруға үйрету.

Сол жақ – оң жақ

Жоғары-төмен

Үсті-асты

Ортасын ажырата білуге үйрету.

4. Салыстыр.

Максаты: балалар артық, кем, тең таңбаларын дұрыс қоюға үйрету.

5. Сан құрамын тап.

Максаты: санның құрамын білуге, логикалық ойлауқабілетін дамыту.

## 2 тапсырма.

Көктемнің келгенін білдіретін қып-қызыл жауқазын, қызғалдақ түстес, қызыл шарды таңдайық.

- Үшбұрыш қандай пішін?

- Дыбыстармен біз не істейміз?

- Дыбыстарды біз естиміз, айтамыз.

- Әріптерді біз не істейміз?

- Әріптерді біз көреміз, жазамыз.

- Дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Дауысты, дауыссыз болып екіге бөлінеді.

- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды қалай ажырамыз?

- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратамыз.

- Дауысты дыбысты айтқанда кедергіге ұшырап, өлеңдетіп айтылмайды.

- Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?

- Дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейміз.

- Дауыссыз дыбысты көк текшемен белгілейміз.

- Әріптен не құралады?

- Әріптен сөз құралады.

- Сөзден не құралады?

- Сөзден сөйлем құралады.

Схема бойынша, суретке қарап сөйлем құрастыру.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Жұмбақты шеш.

Максаты: Әріптерді еске түсіру жұмбақ арқылы. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

1. Екі аяғы бар, көлденең таяғы бар. (А)

2. Жылқышының құрығындай тіп-тіке тұруын-ай? (Р)

3. Сақинаға қарайық ұқсайды оған қай әріп? (О)

4. Тырма жатыр қарайық ұқсайды оған қай әріп? (Т)

5. Екі тіреу басқышы біреу. (Н)

6. Білезікке қарайық ұқсайды оған қай әріп? (С)

3. Әріптерге такпақ. «Сөз ойла, тез ойла!»

4. Жемістер мен көкөністерді ата. Буынға бөлу. Дыбыстық талдау.

5. Қарама-қарсы сөздерді ата. Ребус шеш. Т-10, К-3, Қ-10-ақ, 5-ік, Ай-гүл.

## 3 тапсырма.

Енді балалар көк шарымызды алайық. Көк аспанымыз ашық болсын, бейбітшілік болсын деп көк шарды таңдайық.

Қимылды ойын. «Жұбынды тап».

Максаты: Билеп жүріп әр бала, қолдарындағы суретке байланысты мамандық иелерінің жұбын табады. А-4 шығару.

Сергіту сәті.

## 4 тапсырма.

Енді, балалар жасыл шарды алайық. Көктем келіп, жер бетінің бәрі жасыл түске енді. Көктем белгісі жасыл түсті шардың тапсырмасын орындайық.

Табиғаттың адам өмірі және тіршілік үшін маңызы зор екенін білеміз. Бізді қоршаған ортадағы адам қолымен жасамағанның бәрі – бұл табиғат.

- Табиғат қандай болады?

- Табиғат нешеге бөлінеді?

- Өлі табиғат, тірі табиғат болып екіге бөлінеді.

- Тірі табиғатқа адамдар, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер, балықтар жатады. Олар тыныс алады, қоректенеді, сезеді, өседі.

- Ал, тыныс алмайтын, қоректенбейтін, сезбейтін, өспейтін нәрселерді өлі табиғатқа жатады. (ауа, су, жер, күн, тас, бұлт, құм).

## 5 тапсырма.

Ал, балалар енді соңғы қызғылтсары шардың тапсырмасын орындайық.

Ән: «Біз бақытты баламыз».

Қорытынды: бүгінгі «Білгіштер мен тапқырлар» Ойын-оқу қызметі ұнады ма? Қай тапсырманы орындаған ұнады?

Мектеп кеме, білім теңіз,

Барар жерге тез жетеміз.

Адаспаймыз ұлы жолда,

Отанымның туы қолда.



## АДАМГЕРШІЛІК – АДАМНЫҢ РУХАНИ АРҚАУЫ

**Ж. У. Урынбасар,**

*Ақтөбе қаласы,*

*МКҚК №33 «Нұрсәт»*

*балабақшасының тәрбиешісі*

**К**азақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты-жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды тәрбиелеу мен қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Ата-бабаларымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекерге айтпаған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан, ол үлкендердің, ата-аналардың педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыруда, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек. Жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелер. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің

Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген. Олай болса, қазіргі кезеңдегі білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие жұмыстарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың рухани адамгершілік құндылық қасиетін қалыптастыра аламыз. Жас ұрпақтың жалпы рухани-адамгершілік қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілдік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшелінеді.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейрімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан да ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді



кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар – ұятын, намысын оятып, мейрімділік, қайрымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
2. Козлова С.А. «Воспитание патриотических чувств» - М, Знание, 2003г.
3. Жумабаева Ф. «Мектепке дейінгі педагогика», - Астана, 2012ж.
4. Журнал, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» - №2-2015ж.



## ҚҰМЫРАДАҒЫ ЖҰПАРГҮЛ

*Н.И. Жолай,  
Ақтөбе қаласы,  
ЖШС «Бопай» балабақшасы  
бейнелеу өнері жетекшісі*

**Мақсаты:** Балалардың өмірден және қиялдан сурет салу, композициялық шешімді сауатты орындау дағдыларын қалыптастыру. Дәстүрлі емес бейнелеу әдістерімен үйлестіре отырып, классикалық сурет салу дағдыларын бекіту.

### Дамытушылық:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік сауаттылық негіздерін меңгерту.
2. Сурет салу дағдыларын жаттықтыру, заттарды жазықтықта орналастыру арқылы көлем мен кеңістікті жекізіу.
3. Балалардың әртүрлі заттарды көру, тактильді сезімдер көмегімен олардың пішінін, пропорциясын, түсін қабылдауын байыту және нақтылау қабілетін қалыптастыру.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғаттан (натюрморт) сурет салудағы танымдық бастамасына жағдай жасау.
5. Балаларға картиналардың репродукциясын жанр-портрет пейзаж, натюрморт бойынша жіктеуге үйрету.
6. Классикалық ваза сызбасының құрылысымен үйлестіре отырып, ойға сәйкес жұпаргүл бұтағын салу, бейнелі ойлауды дамыту.

### Тәрбиелік.

1. Шығармашылыққа, көрнекі құралдармен және материалдармен тәжірибе жасауға, өз қолдарымен әдемі және ұқыпты суреттер жасауға құштарлықты тәрбиелеу.
2. Нағыз суретшілер сияқты сызбаларыңызға жағымды эмоциялардың көрінуіне, көңіл-күйді жеткізе білуге ықпал етіңіз.
3. Шығармашылық және бір-бірімен қа-

рым- қатынас жасау барысында құрдастар арасындағы достық қарым- қатынасты сақтау.

4. Балаларды умаждалған қағазбен сурет салудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, заттардың кескіндерін өз бетінше тасымалдауға ынталандыру.

5. Сызба бойынша жүйелі жұмыс істеуге, түс схемасын табуға, жұмысты аяғына дейін жеткізуге үйрету.

**Әділ- тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, сұрақ жауап, мадақтау, сыни тұрғыдан ойлау арқылы ойларын ортаға салу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** акварель бояулары; гуашь; палитра; дымқыл шүберек майлықтар; А4 парағы; композицияға арналған заттар (құмыра, гул), түрлі түсті кобелектер мен гүлде, көрнекіліктер.

### Барысы:

Жетекші

Залға балалар музыкамен кіреді.

Балалар ен алдымен мен сіздердің біздің бала бақшаға қандай көңіл күймен келгендеріңізді білгім келеді. Біз білеміз біздің көңіл күйіміз түстерге байланысты. Қараңдаршы балалар біздің сыйқырлы алаңқайымызда әр түрлі түске толы көбелектер мен гүлдер бар. Өз көңіл күйлеріңізге қарай түстерді таңдаңыздар.


Ал қандай түсті таңдадың Линар?

Ал, сен қандай түсті таңдадың, Ерке?

Өте жақсы балалар! Мен, қуаныштымын сендердің осындай ашық түстерді таңдағаныңызға. Сендердің көңіл күйлері жақсы, қуанышты, жарқын екен. Сендердің жақсы көңіл күйлерін маған да әсер етіп тұр, менде өзіме осындай ашық түсті таңдайын.

Ой балалар қараңдар мына жерде хат жатыр, ашып көремізбе?

Хаттын ішін ашып қарайды, ішінде флашка бар екен. Қосып қараймыз ба балалар! Ба-



лалар мұқият қарап алайық, орындықтарға отырайық.

-Балалар аналарымыз бізге не туралы айттып жатыр? Олардың көңіл күйлерін не көтереді?

**Балалар:** Гүлдер

Жарайсындар балалар, бірден таптыңыздар!

Сіздердің аналарыңыз гүлдерді өте жақсы көреді екен! Аналарымызды қуантамызба? Қуанту үшін не істесек болады а?

**Балалар** гүлдің суреттің саламыз.

Ия, дұрыс балалар!

Ой, балалар бұл жерде менде сиқырлы сандықша бар. Бәріміз бірге көрейікші, ішінде не бар екенін.

**Құмыра мен жұпаргүл** ( жұпаргүді балаларға тарату).

Балаларға жұпаргүлмен таныстырып, ісін иіскетіп, зертетіу.

**Жетекші:** Балалар бұл заттармен не құрастыруға болады.

**Балалар:** «композиция».

**Жетекші:** Ал, айта қойындар шы қандай жанрға жатады, біздің композиция?

**Балалар:** «натюрморт».

Ал, балалар натюрморт дегеніміз не?

**Балалар:** Егер суретте жеміс жидектер, көкөністер, құмыра бейнеленсе, онда бұл жанр натюрморт.

Картинада көрсен сен

Әжеңнің ожау тостағын

Атаңның қара торсығын

Немесе алмұрт, алмасын

Қасында тұрған шабдалы

Әдемі гүлді табарсың

Қызығып жақын барарсың

Салынған мұндай суретті

Натюрморт деп қарарсың.

Балалар біз тағы қандай жанрмен таныспыз?

**Балалар:** пейзаж, портрет.

**Жетекші:** Пейзаж дегеніміз не?

**Балалар:** Егер суретте табиғат бейнеленсе онда бұл жанр пейзаж деп атаймыз.

**Жетекші:** Картинада көрсен сен,

Қарағайлы тау шыңын .

Немесе бұлақ тау –суын,

Немесе жасыл бақшаны.

Нұрланып тұрған аспаны,

Немесе көлдің жағасын .

Немесе егіс даласын,

Салынған мұндай суретті,

Пейзаж ғой деп қарарсың.

Ал, портрет дегеніміз не?

**Балалар:** егер, суретте бір бірнеше адам

бейнеленсе ол жанр портрет деп атаймыз.

**Жетекші:** Егер ақын Абайды

Немесе ұстаз Ыбырайды

Немесе өз әкенді

Немесе өз ананды

Суретін жақын досыңның

Өзі екен деп қаларсың

Салынған мұндай суретті

Портрет деп қарарсың

Ия, балалар осылардың бәрін біз жанр деп атаймыз.

**Ойын.** Ал, енді біз сендермен ойын ойнаймыз. (Екі қайтала)

Мен алты баланы ойынға шақырайын .

Пейзаж, портрет, натюрморт суреттерін жерге тастайын, сіздер іздеп айырып тауып беріңіздер.

**Жетекші:** Кәне, балалар біздер енді өзіміздің «сыйқырлы алаң қайымызға» келіп отырып демалайық .

Ал, енді балалар көз алдымызға елестетейікші. Көк аспанға қарап, күнге қолымызды созайық.

Біз мұнда босқа келмедік .

Аспанда күн жарқырап, саулесін бізге төгеді

Қуанып біз бәріміз, құшақтасып алайық.

Ал, енді қолымызды қысайық,

қолымызды қысып қана қоймайық,

Сілкіп, сілкіп алайық.

Ал енді тұрайық, айналып суретшіге айналайық.

**Жетекші:** Балалар біз жұпаргүлдің суретін салмастан бұрын, мына бейне таспаға мән берейік! Бейне таспа.

**Жетекші:** Балалар біз жұпаргүлдің қандай түстерін кордік?

**Балалар:** Ақ, күлгін

**Жетекші:** Қай жерде өседі?

**Балалар:** Саябақтарда, аулаларда, ормандарда.

**Жетекші:** Балалар жұпаргүлдің қанша жапырақшасы болады?

**Балалар:** 4 әлде 5

**Жетекші:** Қай кезде гүлденеді гүліміз?

**Балалар:** Көктем айының соңғы айларында, мамырдың соңында.

**Жетекші:** Ия, көктемнің аяғында гүлдеген жұпаргүл бұталары біздің саябақтарда, аулаларда, саяжайларды безендіріп, айналаға нәзік хош иіс таратады.

Балалар мұқият қарайықшы, жұпар гүліміздің жапырақшасы неге ұқсайды?

**Балалар:** Жүрекшеге .

**Жетекші:** Және де, жұпар гүлімізден дәрі-дәрмектер, әтірлер жасап шығарады екен.



Олай болса балалар мен сіздерді біздің бейнелеу өнер шеберханасына шақырамын.

Балалар жақсылап отырып алсақ, бәріміз бері қарайық.

Біздің құмырадағы жұпаргүлді, яғни натурморты салмас бұрын бізге қанлай түстер керек болады?

**Жетекші:** Балалар нағыз суретшілер сияқты алдымызда тұрған рамкамызды алып, жұпаргүлімізді рамкамызға салып алыстан қарап нүктесін тауып аламыз. (көңілге жайлы музыка қосылып тұр).

**Балалар:** күлгін, ақ, жасыл, ашық күлгін.

**Жетекші:** Ашық күлгін түсті шығару үшін біз қандай түсті арластырамыз?

**Балалар:** қою көк пен ақ түсті арластырамыз.

**Жетекші:** бірінші құмырамызды салып бояп аламыз.

Балалар белімізді тік ұстаймыз, қылқаламды абайлаймыз.

Балалар жұпаргүлдің жапырақшаларын салмас бұрын, қағаздарымызды умаждап алайық. «Су -Джок» терапиясын пайдаланып қолымызға массаж жасап алайық. (қағазды алақанымызға сәл қысып, оны дөңгелетіп, допқа айналдырамыз) күлгін түске батырып, нүктелеу арқылы жұпаргүлдің бейнесін шығарамыз. Жапырағын жүрекшеге ұқсатып саламыз.

Балалар біз енді құмырамыздың көлеңкесі мен жарығын салып кетейік.

Енді орынымыздан тұрып столды айналып, достарымыздың суреттерін қарап шығайық.



## ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

**Р.Б. Төлемісова,**

*Ақтөбе қаласы, ЖШС «Бонай»  
балабақшасының тәрбиешісі*

**О**йын дегеніміз-ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар аты.

Баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет – ойын.

Ойын-баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын-баланың өмір тынымының алғашқы қадамы.

Ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар, ұлттық ойындар баланы жан-жақты дамиды. Ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын арқылы баланың болашаққа көз қарасы қалыптасады. Қандай ойын түрі болсын, дидактикалық па, шығармашылық па, сюжетті ме, әлде драмалық болсын баланың ой-өрісін дамытады, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

Баланы нәресте шағынан бастап адалдыққы, мейірімділікке, еңбек етіге тәрбиелеудің негізгі құралы-ойын. Ойын-тәрбиенің бастауы. Ойын тәрбие берудегі ең тиімді

тәсілдің бірі. Балабақшада тәрбие беру бағдарламасында баланың дамуы үшін ойынның үлкен маңызы бар.

**Дидактикалық ойын.**

Ойын ретінде оқытуда әр түрлі сипаттағы дидактикалық ойындар, т.б. олардың білуін қалыптастыруда: «Қандай пішін жетіспейді?», «Бірдей өрнекті тап», «Өзің құрастыр», «Кілем дүкені», «Өз үйіңді тап», «Апта күндері», «Ұлттық киімді ажырат», «Кұстар», т.б. ойындар ұйымдастырылса, мұндай ойындар балалардың ойлау қабілетін жетілдіреді және геометриялық пішіндермен оның түр-түсімен танысады. Бұл ойындарды оқыту процесінде қолдануға болады. Мысалы: Дайын: Орнын тап. Бұл дидактикалық ойында әр топ заттардың кеңістікте өз орнын тауып орналастыру жуан-жіңішке, қалың-жұқа, жалпақ-жіңішке ұғымдарын ажырата білуге үйрену.

Дидактикалық ойынның ішіндегі ең негізгісі дамытушылық ойындар: есте сақтау ойындар. Логикалық ойлау қабілетіне байланысты «Сықырлы шеңбер», «Не артық», «Егіздер» және «Төртбұрышты жина» ойындарын, сонымен қатар саусақ ойындарын ойнатуға болады. «Бес саусақ», «Қуырмаш», «Санамас» ойындарын ойната отырып, саусақпен қоянның, иттің, құстың, аңның бейнелерін көрсетуге болады.

**Сахналық ойындар.**

Басқа адамның сөзін тындауға, қуанышын



бөлісуге, өз ойымен басқа адамның ойымен салыстыра білуге және сыйластыққа, үлкенге жәрдем беріп, кішіге қамқор болуға. Не жақсы, не жаман екенін айыра білуге баулу үшін сахналық ойындарды пайдалануға болады.

Мысалы: «Жалқау қуыршақтар». Мұндай ойындар баланың өзіне берілген образды көрсете, жеткізе білу деген шығармашылық дербестігін дамытады.

Ойын кезінде балалардың барлық жетістіктерін айтып өту, кемшіліктеріне ұрыспау және табыстарын мадақтап баланың жігерін қолдап өз күшіне сенімін арттыру қажет.

#### **Қимыл-қозғалысты ойын**

Барлық ойындар балалардың қимыл-қозғалыс әрекетін жетілдіруге бағытталған. Егер бала ертеңгілік жаттығуды жасауға ерінсе, онда тәрбиеші оны ойын ойнауға жібере алады. Ал, бала бұл ойын жаттығуды қуана қабылдайды. Баланың денсаулығын нығайтуға үлкен жәрдем беретін музыкалық-ритмикалық ойындар. Қимыл-қозғалысты ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Қимылдық ойындар кезінде жүру, жүгіру, секіру сияқты әрекеттер баланың қозғалысын дамытады, жұмыс істеу қабілетін жоғарлатады. Қимыл-қозғалысты ойын өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың дене күші артады, денесі шындалып зеректілігі тапқырлығы, ынтасы дамиды.

#### **Ұлттық ойындар.**

Ұлттық ойындар арқылы, қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дамытуға, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке жастайынан баулып, оны құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық ойындар арқылы балалардың белсенділігін арттыру, қозғалыстарын жетілдіру. Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «Ойлауды қажет ететін ойындарға» жатады. Балабақшада өткізілетін қимылдық ойын түрлері, мысалы: «Айгөлек», «Ханталапай», «Арқаласпақ», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Асық ойын», «Хан», «Бес тас», «Тартыс», т.с.с. ойындар балалардың дене бітімінің ғана емес, ақыл-ойының жаттықтырушысы.

Ұлттық қимыл ойындарынан мысалы: «Айгөлек»- бұл ойында балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен топталып ойнату, ептілікке, алға қойған мақсатын аяғына дейін орындату және сөздік қорын, тілін дамыту.

«Омпы»- асықты бір сызық бойына тізу арқылы дәл көздеп ата білуге ептілікке баулу, мергендікті бала бойына дарыту.

«Тақия тастамақ»- шеңбер жасап отырып бала сезімін ояту, аңғара білуге, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

«Көтермек»- баланың күшін сынап, өз бойындағы күшті қалыптастыра білуге, жеңе білуге үйрету. Ұлттық ойын жаттығулардың баланың қалыптасуына атқарар рөлі өте зор. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқына қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.

#### **Бейнелі- рөлдік ойындар.**

Бейнелі- рөлдік ойындар арқылы баланың тілін, ой-қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету. Бейнелі- рөлді ойынның бір жағымды жағы, оны балалардың өзі жасайды және баланың өз құрбы-құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге бейімдеп, ұжыммен яғни көпшілікпен санаса білуге дағдыландырады. Ойыннаң дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұлалып баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетте түрткі болады.

Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен наукастың әрекеттеріне еліктейді.

Мен тәрбиеші ретінде балаларға көбінесе сюжетті-рөлді ойындарды ойнатқанды дұрыс деп санаймын. Себебі, балалар ойын барысында өздеріне берілген рөлді аса жауапкершілікпен қабылдап, өздерін бір уақыт ересектер санатына қосып, ойлау қабілеттері дамиды.

Сондықтан сабақта болсын, серуенде болсын балалардың іс-әрекеттерін, ойын іс-әрекетімен ұштастырып отыру керек.

Халқымыздың ауыз әдебиетінің, ертегілер мен аңыздарды балалар сүйіп, қызығып тыңдайды. Бесік жыры, жануарлар айтысы, ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдерде балалардың қызығушылығын арттырады. Балалар өлеңнен кейін құстардың аттарын біліп және дыбыстарын айтуға икемденеді, олар туралы ойындар ойнап, тақпақтар жаттайды. Бүгінгі бүлдіршіндерді тәрбиелей отырып, олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту арқылы, коммуникативтік – танымдық ұғымдары толықтай қалыптастыруда, өздерін қоршаған ортаны дәл, анық та-



нып-ажырата білуге үйретудің маңызы зор. Осы орайда В.А. Сухомлинскийдің «Ойын-бұл өзінше бір мектеп. Осы ойын түрлері арқылы балалардың мінез-құлқы, олардың

өмірге, қоршаған ортаны танып білуге деген, бір-біріне деген танымдық-қатынастық көзқарасы қалыптасады» - деген сөзін есте ұстау керек.



## ЕРТЕ ЖАСТАН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУДА ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*С.Е. Имашева,  
Ақтөбе қаласы,  
ЖШС «Бонай» балабақшасының әдіскері*

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың ертегі терапиясы арқылы, баланың тілін дамыту. Қалай үйрену керектігін үйрету. Қажетті нәрсені емес, қызықты нәрсені ғана танып-білуді қалайтын адамдарға арналған оқытудың әдістемесін ойлап шығару. Сенімділікті ояту. Сенімділік қана жекелік ресурстарды белсендіреді және іс-әрекет барысында қосымша күшті жеткізіп отырады. Шынайы сенімділік нәтиженің жетістігін көрсетеді. Ғасырлар бойы ертегілерді, мифтарды, аңыздарды және таң қаларлық тарихи оқиғаларды пайдалана отырып, сенімділікті оятқан және қалыптастырған.

### Ертегі терапиясы дегеніміз не?

**Бірінші басымызға келетін нәрсе-** ертегі мен емдеу деген ой. Бірақ ертегі мен ертегі терапиясын шатастыруға болмайды.

**Ертегі терапиясы-** бұл кез-келген басқа да психотерапия сияқты, жан дүниені тану және емдеудің түрі, басқаша айтқанда дамыту.


**Ертегі терапияның бір ұтымдылығы** – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады

**Ертегі терапиясының жетекші идеялары болып:**

- өміріндегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік потенциалдарын сезіну;
- оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну;
- қоршаған ортаны түйсінудің әртүрлі стильдерін танып-білу;
- қоршаған ортамен өзара жасанды әрекет ету;
- үндестік пен күшті сезіну .

Ертегілік қойылым барлық уақытта оған қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлайды. Егер де, тәрбиеші ертегіні өте жоғары деңгейде ұйымдастыра білсе, кейбір қиын мәселелерге қатысты жүргізілетін терапиялық жұмыстар мен коррекциялық жұмыстарда да өзінің көмегін тигізеді.

Ертегі терапиясында «терапия имиджі» деп аталатын арнайы бағыт бар. Терапияның ғажайып имиджін құрушы Петербургтік ертегіші және сиқыршы А.В.Гниздилов. Осы жаңа имидж арқылы символикалық түрде жаңадан өткен шағын, қазіргі уақытын және болашағын алып отырады. Өйткені біздің әрбіріміз өмірде көптеген рөлдерді ойнаймыз. Бірақта біз әбден бір рөлге үйреніп алатынымыз соншалық, сол рөлдің құлына айналып кететін кездер де болады. Психологтар мұндай көріністі «Бейнеге сәйкестену» деп атайды.



### Ертегілерді өткізу түрлері:

**Кітапша театры** – бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетіледі. Стенд-кітапшаның беттерін ашу арқылы жүргізуші әр түрлі сюжеттерді көрсетеді.

**Фланелеграф театры** – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

**Суреттер(картиналар) театры** – декорация мен кейіпкердің суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс





ырғағы арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

**Үстел үстіндегі театры** – мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

**Ертегі терапиясы арқылы балаға мынадай қасиеттерді сіңіруге болады:**

- Баланың шығар-машылығы дамиды ;
- Өз ойын жеткізе білу;
- Ойлау қабілеті дамиды;
- Рөлге ене білу;
- Баланың бойында тапқырлық дамиды;
- Сөйлеу мәдениеті және т.б. қасиеттері дамиды.

«Кішкентай балаларға ертегілерді айтуда көптеген ертегілерді қысқартуға, тілін өзгертуге, ертегіні толық түсінушілікке әкелуге болады және солай ету керек». Әрі қарай А.С. Макаренко ата-аналарға ертегілерді таңдағанда оның идеялық көркем әдеби мағынасына көңіл бөлу керектігін айтады: «Балаларға арналған ең жақсы ертегілер,- деп жазады ол,- әрқашан жануарлар туралы ертегілер болып табылады. Орыс халық ертегілерінің байлығында мұндай ертегілер өте көп және олар өте жақсы ертегілер. Сол сияқты басқа халықтар да ертегілерге бай». А.С. Макаренконың бұл сөздерінің қазақ халық ертегілеріне де толық қатысы бар. Атақты педагог В.А. Сухомлинский балаларға ертегілердің үлкен эмоционалды әсері бар екенін айтып, келесідегідей жазды: «Бала фантастикалық бейнесі бар сөздерді естігенде немесе айтқанда, бала жүрегі қобалжиды». В.А. Сухомлинский жазған кезде баланың ойына ерекше көңіл бөлу керек дейді: «Мен мектептегі оқуды тыңдағаннан бөлек, ертегіні ойлап шығарусыз елестете алмаймын».

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлқы, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т.Барласұлы ер-

тегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: "Ертегі - тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі", - деп анықтама береді.

Ертегі терапияның бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді

Батыс пен Еуропа психологтары бала тәрбиелеу мәселесінде құрғақ ақыл айтудың, ескеру мен дауыс көтерудің жарамсыз екендігін толықтай дәлелдеді. Бұлар жаһанданулық қоғамға қадам басқан жаңа ғасыр үшін көнерген, өз күшін жоғалтқан әдістер деп танылған. Есесіне, ертегі терапиясы арқылы баланың санасын өздігінен кері нәрселерге қарсы тұрарлық күш беру шарт деген тәсілді ұсынады. «Сабағыңды жақсы оқы, қолыңды жумай дастарқанға отырушы болма, ата-ананды сыйла, үлкенмен керіспе» дейтін ескертпелер баласы бар үйде күнде он рет қайталанатын. Мың сан қайталанулардан соң бала санасы ести тұра мұндай ескертпелерді мүлдем қабылдамайтын күйге жетіп, тек өз білгенінше әрекет етеді. Өйткені, ол сабақты жақсы оқымаса не боларын немесе ата-анасын құрметтеудің ақыры немен аяқталарын білмейді. Ал, ертегі терапия ең бірінші оған болашақ туралы сұрақтарға жауап береді, ертегінің финалында болатын нәтижелерден ол келешек туралы ой түйеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Короткова Л.Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации – М.: ЦГЛ, 2006.
2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Практикум по креативной терапии. СПб, 1998 3. Ертегі терапиясы, Төлеген. А. , Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл





## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

*С.С. Кабылова,  
Ақтөбе қаласы,  
ЖШС «Бопай» балабақшасының  
тәрбиешісі*

**Е**ліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой-әдісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдістәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес [1].

Заманауи денсаулық сақтау технологиялары 1. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиясы: стретчинг, ырғақ пластикасы, динамикалық үзілістер, қозғалмалы және спорт ойындары, 15 релаксация, эстетикалық бағыттағы технологиялар, саусақ гимнастикасы, көз гимнастикасы, дем алу гимнастикасы, сергіту гимнастикасы, түзету гимнастикасы, ортопедиялық гимнастика. 2. Салауатты өмір салтына үйрету технологиясы: дене шынық-

тыру сабағы, проблемалық ойын (ойын тренингі және ойын терапиясы), коммуникативтік ойындар, «Денсаулық» сериясынан сабақтар, нүктелі массаж, өз-өзіне массаж жасау, биологиялық кері байланыс (БКБ). 3. Түзету технологиялары: арттерапия, музыкалық ықпал ету технологиясы, ертегі терапиясы, түспен ықпал ету технологиясы, мінезқұлықты түзету технологиясы, психикалық гимнастика, фонетикалық және логопедиялық ритмика. Сонымен, қарастырылған әрбір технологияның әрқайсысы денсаулық сақтау бағытында болуы, ал кешенде қолданылатын денсаулық сақтау ісәрекетінің нәтижесінде балада салауатты өмір-салтына тұрақты мотивация, толыққанды және күрделі емес дамуының қалыптасуы аса маңызды [2].

**Педагогикалық денсаулық сақтау технологияларын қолдану**

**Денсаулықтарын сақтау және ынталандыру**

**Стретчинг (созылу)**

Тамақтан соң 30 минуттан кейін желдетілген топта немесе спорт пен музыка залында ортаңғы топтан бастап, аптасына екі рет 25-30 мин

Сымбаттары бұзылған және жалпақтабандылықтың алдын-алуға ұсынылады. Бұлшық еттерге жүктеменің үлесі тең болуы керек.

**Ырғақты - қозғалыс**

Тамақтан соң 30 минуттан кейін желдетілген топта немесе спорт пен музыка залында ортаңғы топтан бастап, аптасына екі рет 25-30 мин.

Жүктеменің көлемі және өлшемі баланың жас ерекшелігіне қарай болу. Көркем құндылыққа назар аудару

**Динамикалық үзіліс**


Сабақта балалардың шаршауларына қарай, 2-5 мин.

Шаршаудың алдын-алу үшін барлық балаларға ұсынылады. Сабақтың ерекшелігіне қарай көзге. Тыныс алуға және басқада жаттығуларды қосуға болады.

**Қимылды және спорттық ойындар**

Серуенде, топта сабақтың бөлігі ретінде, барлық топтарды күнде

Ойындар баланың жас шамалық ерек-



шелігіне және маусымдыққа, уақытына сәйкес іріктелінеді. МДМ-де спорттық ойындарының элементтері ғана қолданылады [3].

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенция әлемдік тарихта ең көп ел қабылдаған құжат және балалардың құқықтарын жан-жақты анықтайтын халықаралық деңгейдегі жалғыз құжат болып табылады. Конвенцияның негізгі қағидалары барлық балалардың өмір сүруге, дамуға, қорғалуға және кемсітуден азат болуға тең құқылы болуын көздейді. «25 жыл бойы БҚК ЮНИСЕФ ұйымының Қазақстан Республикасы үкіметімен ынтымықтастығының іргетасы болып келеді. БҚК балаларға мейірімді қоғам құрудың жұмыс құралына айналды. Конвенцияны іс жүзінде іске асыру қазақстандық балалардың осымен бірнеше буынының өміріне оң өзгерістер келуіне септесті», – деп атап өтті.

Қазақстандағы БҰҰ Өкілі Юрий Ок-

самитный. «Атап айтқанда, балалар өлім-жітімі бес еседен астам азайды, инклюзивті білім беру дамып келеді, әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдіріліп жатыр.

Жақында Қазақстан АИТВ жұқпасының анадан балаға таралуынан ада ел ретінде сертификаттаудан өтеді.

Бүгін туылған балаларда тіршілік ету, қамқор отбасында дені сау, білімді болып өсу мүмкіндігі 25 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары», деп қосты ол. Қазақстанда балалардың, соның ішінде, психикалық және физикалық даму ерекшеліктері бар балалардың, ұрымтал жағдайдағы балалардың және заңмен байланысқа түскен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жалғасып келеді [4].

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балабақшада инновациялық технологияларды қолдану. <https://oqu-zaman.kz/wp-content/uploads/2019/11/>
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу Әдістемелік нұсқаулық
3. Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі <https://infourok.ru/mektepke-deyingi-yiminda-oldanilatin-densauli-satau-tehnologiyalardi-tiimdiligi-1803761.html>
4. Балабақшаларда денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі. <http://astanazan.kz/?p=1355>



### *Құрметті оқырман!*

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының №1 (31) санын 2023 жылғы 25 наурызда шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. **Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. **Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. **Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. **Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. **Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

#### **Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:**

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, **кегель 12**, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, [ortaluktil@mail.ru](mailto:ortaluktil@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №1 (31) санына материалдар **2023 жылғы 28 ақпанға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41-69-34.